ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

AIQYN

ЖҰМА
№134 (3991)
10.09.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

БҰҰ-на БЕЙНЕҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Елбасы БҰҰ Бас Ассамблеясының жоғары деңгейдегі пленарлық отырысына қатысушыларға үндеу жолдады.

Нью-Йорк қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне арналған жоғары деңгейдегі пленарлық отырысы өтіп жатыр.

Жиын Қазақстанның Тұңғыш Президентінің бейнеүндеуімен ашылды. Нұрсұлтан Назарбаев жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметтің маңызына тоқталып, халықаралық аренада антиядролық қозғалысты ілгерілету жолындағы қазақстандық дипломатияның ерекше күш-жігерін атап өтті.

– Осыдан отыз жыл бұрын мен әлемдегі ең ірі ядролық полигонның бірі – Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл адамзат тарихында ядролық сынақтар өткізуге заңды тұрғыда тыйым салған алғашқы шешім еді. Семей полигонынан кейін дүниежүзі бойынша басқа да полигондар жабылды немесе тоқтатылды. Ядролық сынақтарға тыйым салу жаһандық сипатқа ие болды, – деді Елбасы.

СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Ақорда резиденциясында он мемлекеттің жаңадан тағайындалған Төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Сенім грамоталарын Мемлекет басшысына Эстония Республикасының елшісі Тоомас Тирс, Әзербайжан елшісі Агалар Атамогланов, Испания Королдігінің елшісі Хорхе Урбиола Лопес де Монтенегро, Ұлыбритания Королдігі мен Солтүстік Ирландия елшісі Кэтрин Джейн Лич, Румыния елшісі Мәдәлина Лупу, Италия Республикасының елшісі Марко Альберти, Германия Федеративтік Республикасының елшісі Моника Иверсон, Бельгия Королдігінің елшісі Анри Вантигем, Еуропалық Одақ Өкілдігінің басшысы, елші Кестутис Янкаускас, Қырғыз Республикасының елшісі Дастан Дүйшекеев табыстады.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен құттықтады.

Қазақстан Президенті елшілер алдында сөйлеген сөзінде еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстандағы ахуалға байланысты қабылданған шешімдер мен атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып берді.

– Ауғанстандағы шиеленіскен мәселелерді реттеу үшін Қазақстан шетелдік серіктестерімен тізе қосып жұмыс істеп келеді. Біз ең алдымен сол жердегі отандастарымызды ұйымдасқан түрде эвакуациялауды қамтамасыз еттік. Енді біз Ауғанстандағы қазақ диаспорасының мүшелерін, яғни қандастарымызды елге қайтару мәселесін қарастырып жатырмыз. Гуманитарлық ұстанымдарға сәйкес ауғанстандық 57 студенттің білім беру визасын ұзартты, – деді Мемлекет басшысы.

ЖАМБЫЛ ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың Байзақ ауданында болған төтенше жағдайдың салдарын жою жөніндегі есебін телефон арқылы тыңдады.

Президентке 122 жылжымайтын мүліктің, соның ішінде 106 тұрғын үй, 12 коммерциялық және 4 әлеуметтік нысанның қирағаны жөнінде баяндалды.

Қазір 12 мекеме, 23 техника мен 185 жұмысшы қайта қалпына келтіру жұмыстарына жұмылдырылған.

Жамбыл облысы әкімінің айтуынша, бүгінге дейін 62 тұрғын үй жөнделген. Жалпы, қайта қалпына келтіру жұмыстарын 10 қарашаға дейін аяқтау жоспарланып отыр. Жібек жолы ауылындағы қираған №5 орта мектептің орнына жаңа мектеп салынады.

Бердібек Сапарбаевтың мәліметі бойынша 26 адам стационарда ем алып жатыр. Олардың 15-і госпитальда емделіп жатқан әскери, полиция және Төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттің қызметкері.

Жарылыстан қаза тапқандардың отбасына материалдық көмек көрсетіліп жатыр, сондай-ақ зардап шеккен отбасылардың жұмыссыз мүшелерін жұмысқа орналастыру мәселесі шешіліп жатыр. Екінші деңгейлі банктерге қарызы бар мұндай отбасылардың кредиттерін өтеу мәселесі толық шешілген.

АУҒАНСТАНДАҒЫ ҚАНДАСТАР ЕЛГЕ ЖЕТКІЗІЛДІ

Ауғанстандағы қазақтардың алғашқы тобы елге оралды. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-те жазды.

«Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Ауған елінде тұратын бір топ қазақ қандасымыз елімізге сәтті эвакуацияланды. Кабулдан Алматыға арнайы рейспен 35 қандасымыз, 4 Қазақстан азаматы және БҰҰ-ның 1 қызметкері жеткізілді. Президент дипломаттарымызға және игі істі ұйымдастыруға атсалысқан барлық ведомство қызметкерлеріне алғыс айтты», – деп жазды Б.Уәли.

СЕНАТ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Мемлекет басшысы Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Парламент Сенатының VII сессиясы барысында атқарылатын жұмыс жоспары туралы баяндалды. Сондай-ақ Президенттің Жолдауы мен берген тапсырмаларын іске асыруға бағытталған бірқатар заң топтамасының әзірленіп жатқаны жөнінде мәлімет берілді.

Парламент Сенатының Төрағасы алдағы сессияда сенаторлардың Үкіметпен және Мәжіліс депутаттарымен бірлесіп, әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квотаның сақталуына қатысты заңнама бойынша жұмыс істейтінін айтты. Сонымен қатар «Әлеуметтік кодекс», «Өнеркәсіп саясаты туралы», «Кәсіби біліктілік туралы», «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» және басқа да заңдарды қабылдау міндеті тұр.

Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, сенаторлардың бастамасымен Президент тапсырмаларын іске асыруға бағытталған бірқатар заң жобасы әзірленген. Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында қабылданатын заң жобаларын талқылау және пысықтау жұмыстарына азаматтық қоғам өкілдері мен сарапшыларды кеңінен жұмылдыру қажетін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы 2022 жылы өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне дайындықты бастау туралы тапсырма берді.

ГАЗБЕН ҚАМТУ САЛАСЫН ДАМЫТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы «ҚазТрансГаз» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Шәріпбаевты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «ҚазТрансГаз» компаниялар тобының биылғы сегіз айдағы өндірістік және қаржылық көрсеткіштері туралы баяндалды.

Қайрат Шәріпбаев Президентке өткен жылмен салыстырғанда магистральді тасымалдау көрсеткіші 14 пайызға өсіп, 65,4 миллиард текше метрге жеткенін мәлімдеді. Ұлттық оператордың табысы 8 айда 6 пайызға артып, 1,342 триллион теңге болды. Таза пайданың көлемі 55 пайызға өсіп, 304 миллиард теңге болды.

Мемлекет басшысына биыл отандық газ тұтынушыларды 158,8 миллиард теңгеге субсидиялау шаралары, сондай-ақ бюджетке 128,4 миллиард теңге көлемінде салық және басқа да төлемдер түскені жөнінде айтылды.

Қайрат Шәріпбаевтың мәліметі бойынша компанияның таза табысы отандық газ тасымалдау жүйесін қалыпты жағдайда ұстауға және борыштық жүктемесін азайтуға бағытталады. «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы сегіз ай ішінде 995 миллион доллар көлеміндегі кредиттік қарызын өтеген.

Президент елімізді одан әрі газбен қамтуға қатысты ұсынылған жобалар мен іс-шараларды қолдайтынын айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қайрат Шәріпбаевқа еліміздің газ саласын дамытуға бағытталған бірқатар міндет жүктеді.

ТӘЖІКСТАН ХАЛҚЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев жеке өзінің және барша қазақстандықтардың атынан Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонды, сондай-ақ бүкіл тәжік халқын Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен құттықтады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

– Бауырлас Тәжікстан бұл айтулы күнге халықаралық аренада маңызды рөл атқаратын беделді мемлекет ретінде жетіп отыр. Құрметті Эмомали Шәріпұлы, әлемдік қауымдастық Сізді мемлекеттілікті нығайтуға және ел азаматтарының әл-ауқатын арттыруға үлес қосқан, нағыз жалпыұлттық көшбасшы ретінде таныды, – деп жазды Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Тәжікстанмен ғасырлар бойғы достықты, өзара қолдау мен жан-жақты ынтымақтастыққа негізделген байланыстарды нығайтуға баса мән беретінін атап өткен.

– Біз өзара күш жұмылдыра отырып, елдеріміз арасындағы көпжақты ықпалдастықтың қарқынды дамуына тың серпін бере аламыз және қазақ-тәжік стратегиялық серіктестігі мен одақтастығының көкжиегін кеңейтеміз, – делінген жеделхатта.

ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев Қазақстан Республикасының Энергетика министрі лауазымына тағайындалды, ол Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі лауазымынан босатылды.

Президент Жарлығы Ақорданың ресми сайтында жарияланды.

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Одақтастар электр қуатымен алмасады

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда депутаттар Есеп комитеті төрайымының басқа жұмысқа ауысуына байланысты комитет мүшесі Талғат Жақанның өкілеттігін тоқтату және оны лауазымынан босату туралы ұсынысын қарады. Талқылау нәтижесінде сенаторлар Т.Жақанның өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдады.

«Есеп комитетіндегі 5 жыл қызметі кезінде оның жетекшілігімен Ұлттық қордың, ұлттық компаниялардың тиімділігіне аудит жүргізілді. 31 тамызда Талғат Амангелдіұлы басқа жұмысқа ауысуына байланысты қызметінен босату туралы Сенат Төрағасы атына өтінім берді», – деді Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы О.Перепечина.

Сонымен қатар отырыста «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армениядағы қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң жобасы қаралып, қабылданды. Бұл құжат ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан, Армения, Беларусь және Ресей аумағында электр энергиясын мемлекетаралық беруді шарттық ресімдеуге қойылатын талаптарды белгілейді.

«Электр энергиясын тиімді пайдалану экономиканы дамыту үшін маңызды. Бұл заң Еуразиялық одаққа мүше елдердің энергетика саласындағы ынтымақтастығын арттыруға оң әсерін тигізеді деп сенеміз», – деді М.Әшімбаев.

Сондай-ақ палата отырысы кезінде сенаторлар депутаттық сауалдар жолдады. Депутат Б.Орынбеков Жамбыл облысындағы төтенше жағдайлар қызметінің штаттық санын көбейту және техникалық жабдықталуын жақсарту мәселесін көтерді. Сенатор Д.Нөкетаева ерекше қажеттілігі бар балалардың мәселесіне назар аударды. Ал А.Күрішбаев ауыл шаруашылығын одан ары дамыту үшін жаңа жүйені енгізу қажет деп есептейді. Сенаторлар экология және экологиялық бақылау мәселелерін сөз етті. Депутат С.Алдашев Маңғыстау облысындағы «Қошқар Ата» радиоактивті қалдықтар қоймасына қатысты проблемаға алаңдаушылық білдірсе, А.Лукин ауаның жай-күйіне экологиялық бақылау жүргізуді күшейтуді талап етті.

Банктер клиент қаржысын «ұрлап» келген

Банктер қазақстандықтардың ақшасын негізсіз есептен шығарып отырған. Бас прокуратура банктердің азаматтардан несиелері бойынша артық ақша ұстап қалу фактілерін анықтады. Атап айтқанда, Еңбек кодексінде және «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңында жалақы мен зейнетақы сомасының 50%-ынан көп өндіріп алуға тыйым салынған.

Алайда Kaspi Bank, Еуразиялық банк, Халық банкі, Хоум Кредит энд Финанс банк азаматтардың шоттарындағы ақшасынан заңда белгіленген тыйымнан жоғары көлемде алып қойған.

«Бұл проблема банктердің ақша банктік шотқа түскенге дейін жүргізілген атқарушылық іс жүргізу бойынша ұстаулардан хабардар болмауының салдарынан болды. Осындай әрекеттердің нәтижесінде қарыз алушылар өзінің жалғыз табыс көзінен заңсыз айырылған, бұл халықтың наразылығын тудырды. Бас прокуратураның ұсынуымен Қаржы нарығын реттеу агенттігі аталған проблеманы бірқатар шараны қабылдау арқылы шешті», – деді қадағалау органы.

Біріншіден, клиенттің өтініші негізінде банктердің және сот орындаушыларының артық алынған соманы 5 күн ішінде қайтару алгоритмі енгізілді. Екіншіден, Қазақстан банктерінің базасы атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен интеграцияланды.

Агенттіктің пікірінше, бұл банктерге барлық кредиторының еңбекақы немесе зейнетақысынан жалпы ұсталған сомалардың заңда белгіленген 50%-дан аспауы үшін олардың клиентінен қандай шегерімдер жасалғанын көруге мүмкіндік береді. Заңсыз өндіріп алу фактілеріне кезіккен жағдайда азаматтар Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне, оның аумақтық бөлімшелеріне немесе прокуратураға шағыммен жүгінуге құқылы.

Қазақстанда шәкіртақы өсті

Президент тапсырмасын және «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында ЖОО студенттері, магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы биылғы 1 қыркүйектен бастап артты. Бакалавр бағдарламасымен оқитындардың шәкіртақысы 20%-ға, ал магистранттар мен докторанттардың стипендиясы 15%-ға ұлғайды.

«Бакалаврда оқитын студенттердің шәкіртақысы 26 186 теңгеден 31 423 теңгеге дейін өсті. Педагогикалық бағытта оқитын ЖОО студенттері бұрын 42 000 теңге алса, енді 50 400 теңге алады. Президенттің тапсырмасын орындап, болашақ дәрігерлердің стипендиясын едәуір арттырдық. Олар 26 186 теңгенің орнына енді 50 400 теңге алатын болады. Былтырғы қаңтарда Мемлекет басшысының тапсырмасымен шәкіртақы 25%-ға көбейді. Соңғы екі жылда бакалавриатта оқитын студенттердің стипендиясы шамамен 2 есе артты», – деді Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

Сонымен қатар магистранттар, докторанттар мен интерндердің де шәкіртақысы өсті. Егер бұрын магистранттарға 66 913 теңге төленсе, енді олардың ай сайынғы стипендиясы 76 950 теңгені құрайды. Докторанттар стипендиясы 150 000 теңгеден 172 500 теңгеге дейін, интерндерде 47 431 теңгеден 59 289 теңгеге дейін өсті.

Айта кетейік, биыл мұндай қолдау шаралары «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасы шеңберінде жүзеге асырылып жатыр.

Пандемиядан кейінгі даму мәселелерін талқылады

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин бастаған парламенттік делегация Аустрия астанасы Вена қаласында өткен парламенттер спикерлерінің V Дүниежүзілік конференциясына қатысты.

Әлемнің 90-нан астам елінің парламенттер спикерлері жиналған жиында пандемиямен күресу және COVID-19-дан кейін қалпына келтіру жөніндегі жаһандық шараларды қоса алғанда, шұғыл халықаралық парламенттік іс-қимылды талап ететін басымдықтар, климаттың өзгеруі және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерін шешу, жалған ақпарат таратуға қарсы іс-қимыл, жастардың саясатқа қатысуы, гендерлік теңдік мәселелері қаралды.

Мәжіліс Спикері көпжақты ынтымақтастықты нығайту, бейбітшілік пен тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін парламенттік қызмет тақырыбына арналған интерактивті жалпы пікірталастарда сөз сөйледі.

Осы ретте Нұрлан Нығматулин біздің еліміздің халықаралық ұстанымдарға сәйкес тұрақты дамуға жол ашатын Қазақстанда қолға алынып жатқан маңызды бастамалар туралы айтты.

Палата Спикері атап өткендей, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ықпалды мемлекет пен әділ қоғам құрудың тұжырымдамалық негізін қалады. Осы саяси бағытты бүгінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев саяси жалғастырып келеді.

– Парламент реформаларды дер кезінде заң деңгейінде қамтамасыз ете отырып, белсенді қызмет атқаруда. Мәселен, сайлау заңнамасы мен сот жүйесін жетілдіруге бірқатар маңызды заң қабылданды. Сонымен бірге саяси партиялар, бейбіт жиналыстар, жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнамалық актілерге де көптеген өзгеріс енгізілді, – деді Мәжіліс Спикері.

Өз сөзінде Нұрлан Нығматулин Қазақстанның жаһандық және өңірлік деңгейлерде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесіне көңіл бөлді.

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев заманауи сын-қатерлерге байланысты тікелей БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне есеп беретін Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құруды ұсынды. Бұл мамандандырылған құрылым биологиялық қауіптерді болдырмауға ықпал етеді. Біз осы маңызды қазақстандық бастаманы әріптестеріміз белсенді түрде қолдайды деп сенеміз, – деді Мәжіліс Спикері.

Сонымен қатар Нұрлан Нығматулин халықаралық күн тәртібіндегі Ауғанстандағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қалпына келтіру сияқты өзекті мәселе туралы айта келіп, бүгінде ең маңыздысы Ауғанстандағы гуманитарлық және азық-түлік дағдарысына жол бермеу екеніне назар аударды.

Парламенттер спикерлерінің V Дүниежүзілік конференциясы аясында Нұрлан Нығматулин еуропалық және азиялық парламентшілермен, халықаралық парламенттік ұйымдар басшыларымен, сондай-ақ ұлттық делегация өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізді.

Парламентаралық Одақтың төрағасы Дуарте Пашекомен кездесу барысында одан әрі өзара іс-қимылдың келешегі жайы талқыланды. Сонымен қатар Мәжіліс Спикері қазақстандық Парламент өкілдері негізгі құқықтар мен бостандықтарды сақтай отырып, барлық адамдар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін, әлеуметтік әділ және қауіпсіз әлем пайымына негізделген Парламентаралық одақтың қағидаттарын ұстанатынын атап өтті.

Мәжіліс Спикері Парламент өкілдеріне толеранттылық пен мәдени сан алуандық идеологиясын ілгерілету, жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді бейбіт жолмен шешуге және ымыраға келуге шақыру қажет деп есептейді.

Мәжіліс Төрағасы өзінің испандық әріптесі – Депутаттар конгресінің спикері Меритчель Батетпен кездесуде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған саяси реформаларға, сондай-ақ әйелдер мен жастардың саяси өміріне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге, партиялардың Парламентке өтуінің шекті деңгейін 7-ден 5%-ға дейін төмендетуге, сайлау бюллетеньдеріне «баршаға қарсы» бағанын енгізуге және тағы басқа мәселелерге қатысты өзгерістерге назар аударды.

Одан әрі Корея Республикасы ұлттық ассамблеясының төрағасы Пак Бён Сокпен кездесу барысында ынтымақтастықты нығайту тақырыбы жалғасын тапты.

Тараптар қазақстандық және кореялық Парламент өкілдерінің өзара іс-қимылының кеңеюі екі мемлекет басшыларының уағдаластықтарын іске асыруға ықпал ететініне сенім білдірді. Мәжіліс Спикері Нұрлан Нығматулин атап өткендей, жақында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сеулге мемлекеттік сапары екі елдің саяси диалогін дамытуға және стратегиялық серіктестігін кеңейтуге серпін берді.

Мәжіліс Спикері Әзербайжан және Қырғыз Республикасы парламенттерінің басшылары Сахиба Гафарова және Талант Мамытовпен кеңауқымды мәселелерді талқылады.

Нұрлан Нығматулин Парламент өкілдерінің, соның ішінде түркі институттары аясындағы бірлескен сындарлы жұмысы бауырлас халықтар мен елдер арасындағы жан-жақты өзара іс-қимылды, достық пен тату көршілікті одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Сонымен қатар Мәжіліс Төрағасы Түркітілдес елдер парламенттік Ассамблеясының биылғы қыркүйек айының соңында Түркістанда өткізілуі жоспарланған X пленарлық отырысы алдағы ынтымақтастық үшін жаңа перспективалық бағыттарды ашатынын атап өтті.

Парламенттер спикерлерінің V Дүниежүзілік конференциясы аясында Нұрлан Нығматулин Бельгия Өкілдер Палатасының Спикері Элиан Тильемен де келіссөздер жүргізді.

Парламенттер спикерлерінің V Дүниежүзілік конференциясы аясында Нұрлан Нығматулин Бельгия Корольдігі федералдық парламентінің спикерлері: өкілдер палатасының төрағасы Элиан Тильемен және Сенат төрағасымен Стефани Д ' Озбен келіссөздер жүргізді.

А.ҚҰРМЕТ

Коронавирусқа шалдыққандар қайта көбейе бастады

Қазақстанда соңғы тәулікте 4 106 адамнан коронавирус анықталды. Осылайша, вирус жұқтырғандар саны қайтадан өсті. 6 қыркүйек күні олардың саны тәулігіне 3 583 адам болған еді.

Жалпы, індетке шалдығу көрсеткіші қыркүйектің басында түсе бастаған болатын. 3 қыркүйекте 4 830 адамнан індет анықталса, бір күн өткенде олардың саны 4 568-ге түскен. Алайда 7 қыркүйектен бері қайта өсті. Індет жұқтырушылар саны Алматы қаласы мен Қарағанды облысында және Нұр-Сұлтан қаласында әлі де азаймай тұр.

Ал Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Зәуре Ахметова оқу жылының басынан бері мектеп оқушылары арасында вирус жұқтырғандар саны 426-ға жеткенін айтты. Ел бойынша коронавирусқа байланысты түрлі мектептегі 241 сынып карантинге жабылыпты.

А.СҰЛТАН

Дайындаған Елдос СЕНБАЙ

Жанарбек ӘШІМЖАН,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

Сын-қатерлерді еңсеретін Жолдау

– АҚШ араға аттай жиырма жыл салып, Ауғанстанды тастап шығар-шықпастан дүниенің дидары өзгеріп сала берді. Алысқа бармай-ақ, іргедегі үлкенді-кішілі елдердің саяси сынап бағанасы сәт сайын құбылып тұр... Қоғамдық өмірімізге мыскалдап кіріп, батпандап шығып жатқан пандемия Қазақстанның ғана емес, адамзаттың демін тарылтып, өкпесін қабынтып жатыр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты дәстүрлі Жолдауы осындай күрделі кезеңде жарияланды. Мемлекет басшысының бұл Жолдауы – Қазақстан халқын нақты стратегиялық дамуға бастайтын және мазмұн мен нәтижені таразыға тең тартқан сындарлы құжат болды.

Президент Жолдауда негізінен әлемдік геосаяси ахуал, сыртқы байланыстар, халықаралық қоғамдастықтардың алдындағы міндеттемелерден гөрі ішкі мәселелерге кеңінен тоқталды. Яғни, Жолдау бастан аяқ әлеуметтік салаларға, ұлттық тұтастыққа, төніп тұрған сын-қатерлердің алдын алуға, квазисекторлардың жұмысын жандандыруға, орта және шағын бизнесті қаржыландырудың тиімділігін арттыруға, бір ауыз сөзбен түйіп айтқанда халықтың кезек күттірмей шешімін табуы тиіс шетін мәселелеріне бағытталды. Елдің күткені де осы болатын. Үкіметтің алдына нақты тапсырмалар жүктеді.

Екі ауыз сөзбен бәрін қамту мүмкін емес, десек те Президент Жолдауында айтылған бірнеше мәселеге тоқталайын. Биылғы елдің еңсесін езген ерекше жағдай – табиғи құрғақшылық. Шалғай аудандарды аралап, өңірлердегі ахуалмен танысып қайтқан депутаттардың алдынан шыққан негізгі түйткілдер – жайылымдық жер мен жемшөп мәселесі. «Малым – жанымның садағасы» деп отырған шаруаларды індет бір титықтатса, қуаңшылық екінші бүйірден қысты. Құрғақшылық – табиғи және қайталанып отыратын құбылыс десек те, алдағы жылғы ауылшаруашылық саласында болуы ықтимал түрлі құбылыстарды ғылыми тұрғыдан сараптап, болжап отыратын ведомстволар мен институттар қателік жіберді. Соның кесірінен жылқы жылаған Маңғыстау, аңқасы кепкен Арал, жайылымы топыраққа айналған өзге өңірлер ірі әлеуметтік қайшылықтардың қамбасына айналды.

Қуаңшылықтың кесірінен республика аумағында 178 мың гектардан астам егістік алқабы жарамсыз болып қалды.

Бір ғана Маңғыстау өңірінде айналдырған үш айда жылқының 16, қойдың 18, ал түйенің 4 пайызы шығын болды. Күтпеген жерден жемшөп әзірлеу науқаны өңірлерде үлкен базарға айналып кетті. Жаздың жарымында бір бума шөптің құны 2 000-2 200 теңгеге дейін шарықтады. Сол тұста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақстан Үкіметіне өңірлердегі әкімдікпен бірлесіп фермерлер мен ауыл тұрғындарын жоғары деңгейде қолдауды, жайылымдар мен жемшөп бойынша жедел шаралар қабылдауды тапсырған. Осы болған жағдайға байланысты ел-халық, малмен күн көріп отырған жұрт Мемлекет басшысынан үлкен сөз күткені даусыз.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы кешегі халыққа жолдаған Жолдауында: «Жемшөп дайындауға қажетті жер көлемін кеңейткен жөн. Жайылымдық жерді тиімді пайдалану өте маңызды. Қазір мал жаятын жерге шаруалардың қолы жетпей жүр. Өйткені мұндай алқаптарды кейбір белгілі адамдар иеленіп алған. Тіпті, оны адам аяғы баспайтындай етіп қоршап тастаған. Әкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр. Жеке қосалқы шаруашылықтардың малын жайылымдық жермен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аудару қажет», – деп қадап тұрып айтты. Осы бағытта Үкіметке мемлекеттік құзырлы органдармен бірлесіп жедел және батыл шаралар қабылдауды міндеттеді. Тіпті, осы бағытта көрсетілетін қолдау тәсілдері арнайы заңда көрініс табуын жүктеді, сезінген адамға бұл – үлкен қадам!

Бұрын да аз айтылып келген жоқ, бірақ дәл қазіргі кезеңде қоғам тарапынан жиі көтеріліп, ұлт зиялыларының да аузымен айтылып жүрген – мемлекеттік тілдің жағдайы және бұл мәселеге байланысты да халық ең жоғары мінберден пікір күтті. Ел басшысы бұл тұстан принципті түрде айналып өткен жоқ.

«Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюы тиіс. Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Ол – қазақ тілі!» деген Президенттің сөзі – мемлекеттік тілге деген аса ірі баға! Түсінген адамға! Осындайда көнекөз қарияларымыздың «Үй артында кісі бар» деген тәмсілі жиі оралады... Кез келген жұмырбасты пенде өзінің бабадан балаға ауысып келе жатқан ұлы құндылықтары үшін жан аямай күреседі. Тіл, діл, рух, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтарға жаны күймейтін адамның жүрегі – тас пен без. Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығынан енді ғана аттап барамыз. Ал елдің тұғыры нық, ұмыры ұзақ болу үшін, бірінші кезекте мемлекетті бөлініп-жарылудан сақтау керек және қылдай қателіктерге жол бермеуіміз керек. Тәуелсіздікке қауіп төндіретін, мемлекетті әлсірететін жариялылықтан сақ болуымыз керек. Жеке-дара оқшауланып, есік-терезесін тарс бекітіп, әсіреұлтшылдыққа жол ашқан жұртты өрт алып жатқаны көпті ойландыруы керек... Осы орайда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық», – деген тұжырымы еріксіз ойға оралады.

Өңірлерді көп аралаймыз. Түрлі орталарда боламыз. Шалғай ауылдарға бардық. Сонда ел жалақы мәселесін айтқанда аза бойымыз қаза болып, арқамызды аяз қаритынын несіне жасырайық? Кешегі Жолдауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2018 жылдан бері төменгі жалақының көтерілмегенін, бұл орайда ТМД-дағы бірқатар елден кейін қалғанымызды айта келе, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 42 500 теңгеден 60 000 теңгеге көтеру туралы шешім қабылдағанын ашық мәлімдеді. Мен бұл қадамды осы Жолдаудың нақты нәтижесі деп сезіндім. Төменгі жалақыны көтеру бағытында түрлі әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарға қарамастан қаншама кешенді жұмыстар атқарылды! Нақты нәтижесін Қазақстандағы 1 миллионнан астам адам көреді. Оның балашағасының ризығы. Сондай-ақ көлеңкелі жалақының адымы тарылады. Ішкі нарықтың тынысы ашылады.

Қазақстан – аграрлы елдің бірі. Бірақ осы ауылшаруашылық саласында кетіп жатқан қате-кемшіліктер бірінші кезекте елдің еңсесін түсіріп отыр. Оның нәтижесі азық-түлік бағасының тұрақсыздығы мен қымбаттауына соқтырады. Осы орайда, Президент монополияланып алған агроөнеркәсіп саласындағы кемшіліктерді жоюға, бағаға бақылау жасауда біріне бірі бағынбай, біріне бірі сілтейтін мемлекеттік органдарды ретке келтіру бағытында халыққа тиімді кешенді шешім қабылдау үшін Үкіметке бір ай уақыт берді. Сонымен қатар бюджет саясатына байланысты түйткілдер аз емес. Мемлекет қаржысын оңды-солды шашып, жеміссіз жобаларға қаржы құйып аяғында бармақ шайнап жатқан сәттер аз емес. Одан қалса қордағы қаржыға иек артамыз. Осындай олқылықтарды жою үшін Президент Ұлттық қорды басқарудың ережелер жинағын әзірлеуді Үкімет пен Ұлттық банкке міндеттеді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы «Біз мемлекет банкирлерге көмектеспеуге тиіс деген шешім қабылдадық», – деп кесіп айтты.

Жалпы, бұл Жолдау «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасының барлық индикаторларын одан сайын жандандыратын құжат. Сын-қатерлерді еңсеретін Жолдау. Енді Үкіметтен бастап, барлық құзырлы орындар бас біріктіріп ортақ нәтижеге жетуге жұмылуы қажет.

Қорыта келе, Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мемлекет басшысының бағдарына күмән келтіретіндер, жұмыс істеу қолынан келмейтіндер, ебін тауып отыра беруді қалайтындар, Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар қызметтен кетуі тиіс», – дегенді ашық мәлімдеді. Неге? Мемлекеттік орган жетекшілері мен тиісті сала басшылары осыны терең тәпсірлеуі керек...

22 мыңнан астам азаматты қабылдады

Жыл басынан бері «Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 116 мыңнан астам өтініш түсті. Депутаттар мен мемлекеттік органдардың басшылары 22 мыңнан астам азаматты қабылдады. Өтініштердің 97%-ы шешілді, консультативтік, құқықтық және өзге де көмек көрсетілді. Оның 3%-ы орындалып жатыр.

Партияның баспасөз қызметінің мәліметінше, тұрғындар «Nur Otan» партиясына түрлі мәселемен келеді. Олардың арасында сумен жабдықтау желілерін, жолдарды жөндеу, әлеуметтік нысандарды жаңғырту және тағы басқасы бар. Өңірлерде қоғамдық кеңестер желісі бойынша түскен 4 600 өткір әлеуметтік мәселе партиялық бақылауға алынды.

Мәселен, Жамбыл облысында Қаратөбе ауылдық округінің тұрғындары бірнеше жыл бойы бұзылған су құбырынан зардап шеккен. Егер жазғы уақытта судың бір бөлігі жерге ағып кетсе, күн суыта бастаса су жақын маңдағы тасжолға ағып, мұзға айналып, көптеген жол апатын тудырады. Бұл мәселені шешуді жаңадан сайланған Қаратөбе қаласының әкімі, нұротандық Ғамзат Сағымбеков қолға алды. Санаулы күндерде су құбыры жөнделіп, жол кеңейтіліп, жаңа жол төселді.

Алматы облысында нұротандықтар жаяу жүргіншілер көпірі жарамай қалған Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылының тұрғындарына көмек көрсетті. Партия филиалына өтініш түскеннен кейін аудан бюджетінен тиісті қаражат бөлініп, қазір көпір пайдалануға берілді.

Нұр-Сұлтанда ерекше қажеттілігі бар әйел «Nur Otan» қалалық филиалына көмек сұрап хабарласты. Қиын жағдайға тап болған ол, екі жасқа толмаған қызын жалғыз өзі тәрбиелеп отыр. Басында өз баспанасы болмағандықтан, мүгедектік бойынша алатын жәрдемақысы түгел пәтер жалдауға кетеді. Партиялықтар оған қаладағы балабақшалардың бірінде тәрбиешінің көмекшісі болып жұмыс істеуіне, сондай-ақ сол жерде баласына тегін орын беруге көмектесті.

Батыс Қазақстан облысында Бөкей ордасы ауданының Мұратсай ауылындағы балабақша бірнеше жылдан бері жөндеуді қажет етіп келеді. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын суық едендер алаңдатты. Мәселені шешу үшін олар «Nur Otan» партиясының аудандық мәслихат депутаты Бибігүл Жұмағұловаға хабарласты. Оның араласуынан кейін жергілікті білім бөлімі жедел қаражат бөлді. Бүгінде балабақшада жылы еден, сондай-ақ тығыз линолеум төселген.

Солтүстік Қазақстан облысында Мамлют ауданы Ленин ауылының тұрғындары интернет сапасына бірнеше рет шағымданды. Мәселе карантин кезінде, яғни мектеп оқушыларын қашықтан оқытуға көшірген кезде ерекше өзекті болды. «Nur Otan» жергілікті филиалына келіп түскен бірнеше өтініштен кейін «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында республикалық бюджет есебінен ауылда ұялы байланыс мұнарасы орнатылды.

Еске сала кетейік, тұрғындар өздерін мазалаған мәселелері бойынша «Nur Otan» партиясының республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесіне келесі байланыс нөмірлері арқылы хабарласуына болады: Call-орталық: 8 800 080 4441 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін); WhatsApp: 8 700 800 4441; E-mail: komek @nurotan.kz.

Сонымен бірге партияның республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің базасында отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «111 шұғыл қызметі» арнайы байланыс орталығы іске қосылды.

Студенттік жатақханалар тексерістен өтіп жатыр

Қазақстан бойынша студенттік жатақханаларды тексеру жұмыстары басталды. Рейдті «Jas Otan» Жастар қанатының және «Nur Otan» партиясы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің өкілдері ұйымдастырды.

Іс-шараны жүзеге асыру мақсатында «Jas Otan» Жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаев, Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев және Жастарды қолдау жөніндегі өңірлік қоғамдық кеңестің өкілдері Қарағанды облысының жоғары оқу орындары мен колледждерінің жатақханаларына мониторинг жүргізді.

Мониторинг тобы мүшелері алдымен болашақ дәрігерлерге арналған 400 төсек-орындық студенттік үй салынып жатқан «Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ жатақханасының құрылыс алаңына барды. Сонымен қатар Қарағанды техникалық университеті мен Қарағанды индустриялық университетінің жатақханаларын тексерді. Партия мүшелері жатақханалардың сумен, жылумен жабдықтауын, жарықтандыруын, санитарлық нормаларға сәйкестігін, үй-жайлардың жағдайларына бақылау жұмыстарын жүргізді.

Мониторинг қорытындысы бойынша Көпсалалы гуманитарлық техникалық колледжінің жатақханаларында бірқатар бұзушылық анықталды. Аталған студенттер үйінің мәселесін депутат Елнұр Бейсенбаев жеке бақылауына алды.

– Біз студенттердің жайлы оқуы үшін барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Бұл мәселе менің ойымша тікелей осы оқу ордасындағы басшылықтың салғыртығынан болып отыр. Олар ақшаның жетіспеушілігі туралы айтады, бірақ біз мұнда қарапайым санитарлық нормалар сақталмайтынын көрдік. Екі адамға арналған бөлмеде үш адам орналастырылған. Ыстық су жоқ, өрт қауіпсіздігі сақталмаған. Қарағандының уәкілетті органдары барлығын ретке келтіріп, қолға алуы тиіс деп есептеймін, – деп атап өтті ол.

Қарағандыда жатақханаларға 2 000-ға жуық студент мұқтаж. Орын жетіспеушілігі мәселесі ішінара шешіліп жатыр. Жақында 800-ден астам жас 6 жаңа және жөнделген ғимаратта тұра алады. «Jas Otan» Жастар қанатының жетекшісі Нұржан Жетпісбаев бұл мәселе олардың жеке бақылауында екенін айтты.

– Бұл жұмысты әлі де жалғастырамыз. Қазір біз жатақханаларды жыл соңына дейін жойылуға тиіс бұзушылықтарды анықтау үшін тексерудеміз. Тексерулерден кейін ЖОО басшылығына ұсыныстар береміз және министрлік деңгейінде жұмыс жүргіземіз. Жыл соңына қарай қайта мониторинг жүргізіледі. Ең басты міндет – студент жастардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, – деді ол.

Биыл тамыз айынан бастап жасөспірімдер жастарды қолдау жөніндегі кеңес мүшелерімен, жергілікті атқарушы органдармен, Төтенше жағдайлар аумақтық департаменттерімен, жергілікті полиция қызметкерлерімен, жастар ұйымдарымен бірлесіп жоғары оқу орындарының және ТжКБ-ның 126 жатақханасына тексеру жүргізді. Жүргізілген мониторинг еліміздің 10 жатақханасында жүйелі сипаттағы маңызды проблемаларды анықтады. Бұл лас үй-жайлар, тұрмыстық бөлмелер, ас үйдің, оқу залдарының болмауы, авариялық жағдай, шамадан тыс жүктеме, жатақханалардағы орындардың жетіспеуі және т. б.

Мониторинг нәтижелері бойынша жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік орта білім беру мекемелерінің басшылығына жағдайды жақсарту жөнінде тиісті ұсынымдар жолданады.

«ЕКІНШІ ПАВЛОДАР» тұрғындарының шағымы ескерілді

Павлодар облыстық мәслихатының депутаттары «Nur Otan» фракциясының кезектен тыс отырысында «Екінші Павлодар» шағынауданы тұрғындарының кәріз жүйесінің сапасыз орнатылғанына шағымданған түйткілді мәселесін қарады.

Облыс орталығындағы жеке үйлерді жыл сайынғы еріген қар және жерасты сулары басып қалу мәселесін шешу үшін жергілікті билік «Екінші Павлодар» шағынауданында сорғы стансалары бар кәріз желілерінің құрылысын жүргізіп жатыр. Бұл жұмыстар азаматтардың «Nur Otan» партиясына өтінішінен кейін жүзеге асырылды.

Нәтижесінде бүгінде құрылыстың 3 кезеңінің 2-еуі аяқталды, үйлерді ішінара қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Шағынауданның 17 көшесін қамту жоспарлап отырған кәріз желілерінің жобалық ұзындығы шамамен – 10 шақырым. Сондай-ақ нұротандықтар атқарушы органдардың өкілдері, мәслихат депутаттары және шағынауданның тұрғындары құрамына кірген жедел штаб құру туралы шешім қабылдады. Бүгінде 8 отырыс өткізілді.

Жақында тұрғындар «Nur Otan» партиясына бірқатар нысандарда сапасыз жұмыстар жүргізілгені туралы шағыммен қайта хабарласты. Олардың айтуынша, негізгі құбыр өтетін көшеге құдықтарымен бірге асфальт төселіп тасталған.

– Мамандар магистральді кәріз желілерін тексерді. Бірнеше жерде кәріз құбырлары бір-біріне жалғанбаған, сондай-ақ тұтас құбырдың орнына көлбеуі сәйкес келмейтін бірнеше қысқа құбырлар орнатылған. Экономикалық тергеу департаментіне DIKE ЖШС мердігерлік ұйымына қатысты арыз жолданды. Жалпы, бұл мәселені шешу партия филиалының ерекше бақылауында болады, – деді «Nur Otan» партиясы Павлодар қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айгүл Мәлікова.

Сонымен қатар партия мүшелері 19 әлеуметтік жағдайы төмен отбасына көмек көрсетті. Су басу салдарын жою үшін олардың әрқайсысына 10 қап цемент, 5 тонна құм және 5 тонна қиыршық тас берілді.

Еске сала кетейік, бұған дейін «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбек «Екінші Павлодар» шағынауданының тұрғындарымен кездесіп, жеке үйлерді жыл сайынғы еріген және жерасты суларымен су басу мәселесін шешуді партиялық бақылауға алуды тапсырған болатын.

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

Ноғаев не істеді, не істей алмады?

Президент Жарлығымен Нұрлан Ноғаев Үкімет құрамынан шығарылып, Маңғыстау облысына әкім болып тағайындалды. Беделді министрдің бірі саналған Н.Ноғаевқа енді елордадағыдай жайлы, жылы кабинетте отырмай, қайтадан өңірді аралауға, ірілі-ұсақты жиын-шараларға қатысуға, қарапайым бұқарамен кездесіп, ауыл-аймақтың кейінгі кезде көбейген проблемасын жедел шешуге тура келмек. Ал бұған дейін бас энергетик Нұрлан Ноғаев не бітірді, не атқара алмады?

Елдос СЕНБАЙ

МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕНІ ҚОРҒАП ҚАЛДЫ

Сарапшылар Нұрлан Асқарұлы жағдайында бұл отставка емес, ротация екеніне назар аудартады. Ол аймақ басшысы лауазымында Серікбай Трұмовты ауыстырды. Саясаттанушы Данияр Әшімбаев мұндай ауыс-түйіс біраздан күтілгенін айтады.

«Трұмов мырза әкімдер рейтингінің қорытындысында ең төменгі орынның бірін иеленді. Telegram-арнамда сауалнама жүргізгенімде де оның рейтингі нашар болып шықты. Өңірде біраз проблема шешілмей жатыр. Демек, оның отставкасының қисыны бар. Орнына Нұрлан Ноғаевтың баруы – жақсы жүріс. Ол батыстағы екі өңірді – БҚО мен Атырау облысын басқарды, батыс жұртшылығы оның қызметін оң бағалайды. Маңғыстау – мұнайлы өлке, оны энергетика экс-министрінің басқарғаны жөн. Кризис-менеджер ретінде Маңғыстаудың күрделі мәселелерінің күрмеуін тарқата алуы мүмкін. Әйтпесе, Бозжыраға дейін талан-таражға түсе жаздады», – дейді саясаттанушы.

Ал Қазақстанның мұнай-сервистік компаниялары одағының қыркүйектегі соңғы рейтингінде Нұрлан Ноғаев «Мұнай саласындағы ең беделді 50 тұлғаның» арасында 3-орынға тұрақтаған-тын.

«2019 жылғы 18 желтоқсанда Энергетика министрі болып тағайындалғалы Н.Ноғаев OPEC+ аясында, мұнай өндірісін қысқартуда Қазақстан мүдделерін табысты қорғап шықты. Атап айтқанда, газ конденсатының өндірісін шектеуден алып қалды: Қазақстанның бүкіл мұнай өндірісінің 14%-ы – газ конденсатының еншісінде. Сонымен қатар Ноғаев сала мәселелерін шешу үшін «Теңіз», «Қашаған» және «Қарашығанақ» ірі кен орындары операторларының күш-жігерін біріктіре алды, олардың қатысуымен Мұнай-газ машина жасауды дамытудың халықаралық орталығын құрды», – деп түсініктеме берді одақ.

Мұнай сарапшысы, Энергетика министрінің штаттан тыс кеңесшісі Олжас Байділдинов Нұрлан Асқарұлының аймаққа кететіні құпия болмағанын, ондай әңгіме біраздан сөз болғанын айтады.

«Ноғаев министрлікті басқарған кезде мұнай мен газ өндірісінде, шикізатты өңдеуде, мұнай өнімдері өндірісінде, электр энергетикасында және басқасында серпінді нәтижелер көрсете алмады. Ноғаев дағдарысқа қарсы күн тәртібін жүзеге асырды. 2020 жылдың басында Brent құны 20 долларға дейін құлдырағанда ОПЕК+ картелі өндіруді қатал реттеуге кірісті. Қазақстан екі оттың ортасында қалды. Бір жағынан әлемдік мұнай қоғамдастығы Қазақстаннан өндірісті күрт қысқартуды талап етті. Екінші жағынан елдегі шетелдік компаниялар мұндай мәмілені қолай көрмеді. Н.Ноғаев инвесторларды көндіретін сөздер таба алды», – дейді сарапшы.

Отандық келіссөзшілердің біліктілігі арқасында сала мүддесіне де үлкен зиян келмеді: 2021 жылдың қаңтарында OPEC+ тарихында алғаш рет мәмілелескен елдер арасынан тек екі елге – Қазақстан мен Ресейге өндірісті қайта арттыруға рұқсат етілді.

Ноғаев тұсында елдегі барлық 3 мұнай өңдеу зауыты модернизациялау аяқталды. 30 жылда алғаш рет ішкі нарық отандық жанармаймен толыққанды қамтыла бастады. Бұған қоса, 2020 жылы 493,6 мың тонна бензин (2019 жылы – 180,7 мың тоннасы) және 175,9 мың тонна дизель экспортталған. Отандық бензин Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан және Грузия нарығына енді. Ішінара Еуропаға да жолданды.

Министр Ноғаевтың басшылығымен Қарашығанақ консорциумы акционерлерімен кірісті бөлісу жөніндегі дау реттелді.

10 КЕН ОРНЫНЫҢ ҚҰНЫ 27 ПӘТЕРГЕ ТЕҢ

Әрине, Нұрлан Ноғаев 1,9 жылға созылған министрлік мерзімінде салаға біраз жаңашылдық, өзгеріс енгізуге тырысты.

Біріншіден, ол мұнай пайдалану құқығын электронды аукциондар арқылы сатуды қолға алды. 2020 жылғы 23 қазанда мұнай-газ кен орындарын барлау және олардан шикізат өндіру құқығы Қазақстан тарихында тұңғыш рет онлайн сатылды. Бұл қадам қоғамда қатаң сынға ұшырады. Себебі кейбір аса перспективті қара алтын кен орындарының бүкіл байлығы елордадағы пәтердің құнына беріле салды. Мысалы, Атырау облысындағы Сағыз учаскесі 60 миллион теңгеге саудаға қойылып, 87 миллионға сатылды. 32 млн теңге сұралған Балқұдық – 50,5 млн-ға, 34 млн теңгеге бағаланған Қошалақ 42,5 млн теңгеге өткізілді. Қалған 4 телімнен үміттілер көп болып, бәсеке қызды. Соның арқасында Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан, небәрі 20,7 млн теңге тұрады делінген Қарабау – 559 млн-ға, 34,3 млн ғана сұралған Бекайдар – 840 млн-ға сатылды.

Каспий маңы ойпатындағы 38,6 млн-ға бағаланған Забұрын кен орны – 17,1 млрд теңгеге, ал Сарайшық 43,3 млн теңге орнына 45,4 млрд теңгеге «өткізілді». Бұл әлеуметтік желіде таңданыс, шаттық тудырды. Алайда арты жанжалға ұласты: әлдекімдер бағаны жасанды өсірген болып шықты (е-аукционға анонимді қатысуға мүмкіндік берілген). Ақыры ол екеуі бойынша күтілген 59,6 млрд теңге бонус ел бюджетіне түспеді.

Сондай-ақ заңнамада мұндай аукциондарды жылына 2-ден көп өткізуге тыйым салынған. Ноғаев командасы осы лимитті алып тастауға бекінді. Жаңа министрдің бұл бастаманы қолдар-қолдамасы әзірге белгісіз. Биылғы 23 сәуірде өткен II аукционда бірден 10 кен орны жалпы сомасы 9,3 млрд теңгеге сатылды. Бұл елордадағы зәулім, салтанатты тұрғын үйдегі 27 апартаменттің құнына ғана тең. Үшінші аукцион 19 қарашада өтеді деп жоспарланған. Аукцион арқылы жерге меншік құқығы емес, жер қойнауын пайдалану құқығы берілетінін атап өткен маңызды.

КЕЛЕСІ МИНИСТРГЕ ҚАНДАЙ МҰРА ҚАЛАДЫ?

Екіншіден, министр болып тағайындалғанда Н.Ноғаев ірі мұнай-газ жобаларындағы жергілікті мазмұнды дамыту мәселесін министрліктің басымдықты міндеті деп жариялады. Алайда сала ілгерілеп кетті деу қиын. Биылғы тамызда Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасында жергілікті мазмұнды дамытуға арналған онлайн форумға қатысқан сол кездегі министр Нұрлан Ноғаев мұнай-газ жобаларында отандық өнімдер мен қызметтер үлесінің аздығына алаңдаушылық білдірді. Өйткені қазақ жерінің қазынасын көсіп-қотарып алып жатқан шетелдік инвесторлар тауарларды, мұнай-газ жабдықтарын, запастық бөлшектерін сатып алуда шетелдік өндірушіге басымдық береді. Мысалы, осыдан 10 жыл бұрын, 2011 жылы Қарашығанақ жобасы үшін сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтерде жергілікті мазмұн 38% болған. 2020 жылы 59% межеге әрең жетіпті. Алайда 2021 жылы сатып алынып жатқан тауарларында қазақстандық үлесі бар-жоғы 10,08%-ды құраған!

«Инвесторлар жергілікті өндірушілердің барлық мүмкіндігін толыққанды пайдаланбайды. Бұл ретте бүгінде қазақстандық кәсіпорындардың көбі жер қойнауын пайдаланушылар қоятын талаптарға толық сәйкес келеді», – деп налыды Н.Ноғаев. Ендеше келесі министрге осы проблеманы шешу үшін мықтап бас қатыруға, келіссөздер жүргізуге, пәрменді қимылдауға тура келмек.

Бұл кезең мұнай-газ, мұнай сервистік кәсіпорындар жұмысшыларының жаппай ереуілімен есте қалды. Үкімет осы сектор қызметкерлерінің жалақысын ақылға қонымды деңгейге дейін көтеру міндетін қойды. Ол миссия да жете орындалмай, жаңа министрге мұраға қалды.

Үшіншіден, Н.Ноғаев командасы өз жұмысының жариялылығын арттыру мақсатында Telegram чатын ашқан болатын: онда кез келген адам министрлікке қалаған сауалын қоя алады. Министрлік сондай-ақ лауазымды қызметкерлерінің телефон анықтамалығын ашық жариялады. Ведомстволық жаңа басшысы бұл бастаманы қаншалықты қолдайтыны белгісіз.

Төртіншіден, министрлік қазір Мұнай және газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесін (ИСУН) құру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Пилоттық режимде оған МӨЗ-дер, мұнай өндіруші және мұнай тасымалдаушы ұйымдар қосылды. Жүйені биылғы жылдың соңына дейін өнеркәсіптік пайдалануға беру жоспарланған. Бұл мұнайдың бүкіл циклін шамалы болса да айқынырақ етуі тиіс.

Бесіншіден, Н.Ноғаев ұжымы Батыс аймағының электр желілерін Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен (БЭЖ) біріктіру ісін бастады. Атырау мен Маңғыстау облысының тұрғындары, әсіресе жаз бойы электрдің жалп етіп сөніп қала беретініне жиі шағымданады. Бұған себеп – елдің батыс аймағы ұлттық электр жүйесіне кірікпеген. Шамалы апат болса, бұл өңірлер проблемамен жалғыз қалады, БЭЖ-ден көмек-қуат келмейді. Аймақ энергетикалық оқшауланғандықтан, энергетиктер өзге өңірлерден бос қуаттылықты соған бағыттай алмайды.

Батыста әкім болып келген министрдің аймақтың сол проблемасын шешуге неге 2020 жылы білек сыбана кіріспегені беймәлім. Н.Ноғаев біріктіру жобасын биылғы маусымда жария етті. Қазір желілерді өзара қосу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Ал оны бастап, аяғына жеткізу тағы да жаңа министрдің үлесінде.

АЭС-ТЫҢ БАСЫ АШЫҚ ҚАЛДЫ

Президент биылғы Жолдауында жүктеген АЭС салу мәселесін де енді сол пысықтайды.

Айтқандай, биылғы 26 мамырда Ақордада Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев электр энергетикасы саласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізген. Онда біраз сын айтылды. Мысалы, негізгі энергия қуатын беретін нысандар, жылу электр стансалары 40 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Сарапшылардың мәліметінше, 50%-дан астамы тозған. Ел Президентінің айтуынша, бұл электр стансаларындағы технологиялық бұзушылықтардың артуына әкеліп соқтырды: 2019 жылы – 4 010, 2020 жылы 4 458 бұзушылық тіркелді. Сондықтан Үкіметке энергия көздеріне ауқымды техникалық аудит жүргізу тапсырылды: стансалардың неге істен шығатыны, қашан жөнделіп, жаңғыртылатыны анықталмақ.

Әрине, проблемасы шаш етектен келетін, былыққа батқан энергетика саласындағы ахуалды түбегейлі түзетуге, сөйтіп сала тарихында ұлы реформатор ретінде қалуға 629 күндік мерзім аздық ететін шығар.

Қалай болғанда, білікті, беделді басшы Нұрлан Ноғаев алдыңғы ізашарлары жеткен жетістіктерді арттырып, олардың кей кемшілігін түзей алды. Жаңа министрді оның мұрасын екшеп, керегін алып, кесірлісінен құтылу, саланы қазіргі дағдарыстан аман шығарып, постпандемиялық заманда ары қарай дамыту міндеттері күтіп тұр.

Трұмов қызметінен неге кетті?

Жақында ғана Серікбай Трұмов Маңғыстау облысының әкімі қызметінен босатылып, бұл орынға Нұрлан Ноғаев тағайындалды. Біздің байқауымызша, экс-әкім атанған Трұмовтың атқарған жұмысына билік басындағылардың көңілі толмаған тәрізді. Ол өңірді басқарған шағында Маңғыстау аймағы шешілмеген біраз даумен есте қалғандай. Сонымен, біз 2 жылдан астам облыс басшысы болған Серікбай Трұмовтың атқарған істеріне шолу жасап көрсек. Қай тұстан жаңылды, қай мәселелердің ретін тапты?

Мадияр ТӨЛЕУ

ВАКЦИНАҒА ҚАРСЫЛЫҚ, ҚУАҢШЫЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ

Сөздің шыны керек, шенді азамат өңір басшысы болған кезеңде көп сынның астында қалды. Мәселен, соның бірі ретінде елге маңызды вакциналау процесінде Маңғыстаудың ылғи соңғы орында жүргенін айтуға болады. Үкімет бұл нәтиже үшін бірнеше рет жанамалап ескерту айтқандай сынай танытты. Дегенмен облыс бәрібір вакциналаудан ілгері баспады. Қыркүйек айының басындағы ақпар бойынша, 740 мыңнан астам халқы бар аймақта екпе алғандардың үлесі 39 пайызға да жетпеген. Жансақтау бөлімдері 85 пайызға толы. Осы күні толық екпе алғандар саны 115 мыңға да жетпепті. Бұған Трұмовтың қиналғанын аңғардық. Шілде айындағы сұхбатының бірінде «вакцина салдырғандарды көбейту үшін лотерея ұйымдастырып, пәтер ойнатуды ойластырып жатырмыз» деп ақталғандай болды. Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері өңірге қайта-қайта барып, «табан тоздырды». Бұл аздай аймақтағы «МАЭК-ҚазАтомӨнеркәсіп» компаниясының 100 шақты жұмысшысы вакцинаға қарсылық танытып, ереуілге шықты. Осыдан-ақ вакциналау қарқынын күшейту облыс үшін оңайға соқпайтынын көрдік. Бәрінен бұрын жаңа оқу жылы дәстүрлі форматқа көшкенде маңғыстаулық мұғалімдер толық вакцина алмаған болып шықты. Тамызда Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «елдегі ұстаздардың 99 пайызы екпе алды» деп хабарлаған. Ал мұнайлы өңірде бұл көрсеткіш 70 пайыздан енді ғана асқан екен. Айтпақшы, былтыр lada.kz сайты коронавирус ахуалына байланысты өңірдегі жағдайдың шынайы бет-бейнесін ашты. «Мәйітханадан бір күнде вирустан көз жұмған 9 адамдай шығып жатқанда» әкімдіктің ресми дерегінде бұл сан бірнеше есе аз болып көрсетілді. Ал адам есебімен ойнауға бола ма? Бұл – бір.

Биыл Маңғыстаудағы қуаңшылық ел есінен кетпестей болып қалды. Көпшілік әкімді «жағдайды алдын ала болжамады» деген сыңайда кінәлаған. Әкімдік ресми түрде «1,5 мыңнан астам мал қырылды» деді. Расында, бұдан әлдеқайда көп болғанға ұқсайды. Қош, су тапшы өңірде құрғақшылық болуы заңды дерсіз. Бірақ өзге өңірлерден тонналап жемшөп жеткізілгенде мал азығының бағасы өсіп кетті. Тіпті, талас болғаны жасырын емес. Бағаны реттей алмаған әкімдіктің ісінен кейін Трұмов жемшөп мәселесін жөнді ұйымдастыра алмады деген айып тағылды. Бұл – екі.

Бұдан соң облыста еңбек даулары басылмай тұр. Ереуілдерге тек мұнайшылар ғана емес, басқа сала жұмысшылары да шықты. Олар қауіпті жерде жұмыс істейтінін айтып, жыл соңында 13-жалақы беруді, емге ақша төлеуді, ПТР-тестіне қаржы бөлуді талап етті. Ереуілге шыққандар шетелден келген жұмысшылардың қазақстандықтардан көбірек жалақы алатынын, менеджерлердің жұмысшылардан көп табыс табатынын, кәсіподақтардың үнемі лауазымды тұлғалардың ықпалында болатынын да айтты. 30 маусымда «ӨзенМұнайГаздың» мердігер мекемесі «КЕЗБИ» компаниясының 600-ден астам жұмысшысы ереуілге шықты. 21 шілдеде Жаңаөзендегі Oilfield equipment and services және «Ақтау мұнай сервис компаниясы» ЖШС жұмысшылары жұмысты тоқтатып, жалақыны өсіруді, жұмыс орнында тамақтандыруды талап еткен. Одан бұрын 15 шілдеде «Өзенмұнайгаз» бен «Өзенмұнайсервис» компанияларына қызмет көрсететін «МұнайСпецСнабкомпани» мекемесінің 130-дай көлік жүргізушісі жұмысын тоқтатқан. Олар қолға алатын жалақы 110 мың теңгеден аспайтынын айтып, жалақыны 100 пайыз өсіруді талап етті. Бұл тұста ереуілдерді «компаниялар мен жұмысшылардың келіспеуі» деп бағалап, әкімдікті ақтап алуға болатын еді. Бірақ ереуілдер бірнеше айдан бері жалғасып келе жатқанын ескерсек, әкім екі тарапты келіссөзге шықырып, ымыраластыруға тиіс болған. Бұл – үш.

Бәлкім, кемшілік деп атауға келмес, алайда жұрт Серікбай Трұмовтың «тым жуас» болғанын жиі айтады. «Қоластындағы қызметкерлерді еркіне жіберіп, жұмыс процесін кешеуілдетті» дейтіндер бар. Сол жуастығынан ба, әкімдер рейтингінде көбіне көштің соңғы жағында жүрді. Біз осылай экс-әкімнің «жаңылысты-ау» деген тұсын тізбектеп шықтық. Ал ол қандай мәселелерді шешіп еді?

ТҰРҒЫН ҮЙ МЕН ЖОЛДАР МӘСЕЛЕСІН ШЕШТІ

Серікбай Трұмов әкім болып отырған 2 жылдан астам уақыт оңай болмағаны рас. Пандемиямен арпалысып жүрген өңірге қуаңшылық пен жұмысшылар ереуілі «жығылғанға жұдырық» болып тигені анық. Сол үшін экс-әкімнің атқарған кейбір істерін де жоққа шығарар ниеттен аулақпыз. Бірқатарын айтып өтсек. Трұмовтың өзі құрылысқа жақын болған соң ба, Маңғыстау өңірі соңғы жылдары тұрғын үй құрылысы бойынша республикада үздік үштік қатарында жүрді. Екі жылда 20 мыңдай отбасы қоныстойын тойлапты. Облыс автожолдардың сапасы бойынша елімізде бірінші орынға шықты. Өңірде 245 шақырым жол жаңартылған. Ауызсу мәселесін шешемін деп Трұмов «Каспий су тұщыту» зауытының қуаттылығын 40 мың текше метрге арттыруды көздеді. Жаңаөзендегі Кендірлі курорттық аймағында қуаты тәулігіне 50 мың текше метрлік және «ҚазМұнайГаз» АҚ Қаражанбас кен орнында қуаты тәулігіне 17 мың текше метрлік су тұщыту зауытының құрылысын салу жобасын іске асыруды жоспарлады. Алайда бұл жоспарын толық іске асыра алмай кетті. Ең маңыздысы, Маңғыстау инвестиция көздерін тарту бойынша үздік аймақтар қатарынан түспеді. 2021 жылы облыста 270 млрд теңгеге жуық қаржыға 20 инвестициялық жоба құрылған екен.

Қош, мін тауып, сын айтып, қажет жерінде мақтау айту бола берер дүние. Ал осы өңірде тұрып жатқан қоғам белсенділері экс-әкімнің жұмысына қандай баға береді?

БЕЛСЕНДІЛЕР НЕ ДЕЙДІ?

Жәнібек ҚОЖЫҚ,
қоғам белсендісі:

– Біріншіден, Трұмов әкім болып келген бойда облыстың бюджетінде тапшылық бар еді. Оның алдында саммит пен түрлі шара өтіп, қаржы сарқылды. Былтыр мұнай 20 долларға дейін түсті. Сол кезде «резервпен ұстау» жоспарын құрып, 96-97 пайыз қаражаты мұнай мен газдан келетін өңірді сақтап қалды. Екіншіден, 2020 жылы пандемия келді. Әкімде еш ашықтық болмай қалды. Үшіншіден, қуаңшылық. Онсыз да пандемия мен вакцина мәселесін шеше алмай жүріп, тағы бір мәселе жағадан алды. Бұрыннан бері Маңғыстауда су тапшылығы бар. Оны Трұмов та, алдыңғы әкімдер де шеше алмай кетті. Төртіншіден, ереуілдер Маңғыстауда 2006 жылдан бері үзілмей келе жатыр. Компаниялар жұмысшыларға 5 жылдық жалақысының 50 пайызын бірден берді. Бұл 5/50 аталып кеткен. Содан соң қосымша компаниялар көбейіп, бұрын 250-300 мың жалақы алатын жұмысшыларға 100-150 мың теңге айлық ұсынды. Екі есе төмен жалақыға кім де болса наразылық білдірмек. Ереуілді тоқтатып, компанияларды ымыраға шақыру Трұмовтың қолынан келмес еді. Себебі бұл компаниялардың артындағы күштер астанада отырғанын жасыра алмаймыз. Су тұщыту зауыттарын қолға алды. Газбен қамтылу 99 пайызға шешілді. Туризмді дамыту үшін біршама тырысқанын көрдік. Экономикалық даму жағынан облыс үздік үштікте тұрды. Трұмовтың кемшілігі, өз ісін жарнамалау жағынан осалдығында. Жуастығын да жиі айтады. Әйтпесе, маған ылғи мемлекеттік тілде сөйлейтіні ұнаған. Бұдан бөлек, осы әкім өзіне қарсы шыққандарды қудалап немесе соттатқанын көрген емеспін.

Аят ИСАТАЙҰЛЫ,
қоғам белсендісі:

– 2019 жазында келгенде бұл кісі бюджеттегі дефицит мәселесін ұтымды шешкен. Бар шамасын өндіріске арнайтын. Соның арқасында облыс экономикалық даму бойынша үздік үштікте тұрды. Бірақ ісі біраз тұралады. Себеп – пандемия. Тырысып бақ қанын көрдік. Бұрыннан бері шешілмей келе жатқан мәселенің пандемия бетін ашты. Әйтпесе, кадрлық өзгерістерін қолдаймын. Көрінбеген жергілікті азаматтарды көп қызметке тартты. Медиа кеңістікте бәсеңдеу қимылдағаны рас. Ал еңбек даулары, құрғақшылық бұрыннан бар еді. Ереуілге шыққандарды кінәлай алмаймыз. Себебі жалақы расымен аз. Вакциналауға келер болсақ, ереуіл үдеп жатқанда ол процесті жақсы атқаруға мүмкіндік болмады. 8-10 жыл сайын Маңғыстауда қуаңшылық қайталанады. Бұл тұста Ауыл шаруашылығы басқармасының айыбы болғандай. Жалпы, кризис менеджер ретінде танылған. Бірақ ісін жарнамалауға жоқ. Әйтпесе, кезінде Жаңаөзенге әкім болып, халықтың алғысына бөленген адам болатын.

«Сберге» неге мұқтажбыз?

Қазақстан мемлекеттік басқаруды цифрландырудың GovTech платформалық моделіне көшудегі басты серіктесі ретінде ресейлік компанияны таңдады. Ресейдің VI Шығыс экономикалық форумы аясында Үкімет басшысы Асқар Мамин мен Сбер компаниялар тобының басшысы Герман Греф меморандумға қол қойды. Бұған отандық сарапшылар қайран қалды. Себебі цифрландыру саласында ТМД-да Қазақстанның өзі көшбасшы саналады. Ал Ресей біршама артта қалған. Одан не үйренбек?

БҰЛ ЖОБА – СЕНІМНІҢ СИМВОЛЫ

Қол қою рәсімі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путиннің қатысуымен бейне-конференция байланысы форматында өткені мәлім.

Құжат Қазақстанда GovTech цифрлық платформасын енгізу, деректерді талдау және жасанды зерде бойынша практикаларды қолдана отырып, мемлекеттік басқарудың реинжинирингі және цифрлық трансформациялау бойынша ынтымақтастықты дамытудың негізгі тәсілдерін көздейді. Цифрлық архитектураның платформалық моделі халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің жылдамдығы мен тиімділігін арттыруға жол ашады.

Мемлекет басшысы осы стратегиялық жобаны іске асыру Қазақстан азаматтарының тұрмыс сапасын арттыруға және бизнес ахуалды жақсартуға ықпал ететінін айтты. Өз кезегінде Ресей басшысы Владимир Путин Қазақстан Үкіметі мен Сбер тобының осы құжатқа қол қоюын – екі елдің барлық саладағы, соның ішінде цифрландырудағы ынтымақтастығының жоғары деңгейінің тағы бір дәлелі екенін айтты.

Қазақстанда Digital Kazakhstan цифрландыру бағдарламасы іске асырылып жатыр. Оның мақсаты – ел өмірінің және экономиканың барлық саласын, мемлекеттік басқаруды санды форматқа көшіру арқылы адамдардың тұрмыс сапасын көтеру, елдің өркендеуіне серпін беру.

Осы мақсатта республикада 15 жылдан бері eGov «электронды үкімет» порталы және оның ұялы телефондарға арналған нұсқасы ел игілігіне қызмет етіп келеді. Мемлекеттің халыққа және бизнеске көрсететін қызметтердің жалпы санының 93 пайызы электронды форматқа көшірілді. Азаматтар мемлекетке және квазимемлекеттік ұйымдарға төлейтін төлемдерін, жарналарын, аударымдарын, салықтарды электронды түрде аудару, сондай-ақ бюджеттен тиісті төлемдер мен жәрдемақыларды электронды түрде алу мүмкіндігіне ие.

Республика енді GovTech-ті цифрландырудың платформалық моделіне көшетін болады. Бұл ретте Қазақстанның цифрлық трансформациясы жобаларын, сонымен бірге цифрландырудың платформалық моделіне және Data-Driven Government тұжырымдамасына көшуге қатысты жобаларды іске асыруға Сбер компаниялар тобы тартылады деп күтілуде.

САЛАДА ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙДЕН ОЗЫҚ

Отандық сарапшылар да, сала мамандары да жаңа платформалық модельге қатысты ақпараттың аздығын айтады. Сондықтан түсініктеме беру де күрделі екен. Ал солтүстік көршінің ақпарат құралдары «Ресей Қазақстанды цифрландыруға қатысатын болды», «Қазақстан цифрлық экономикасын дамытуда Ресейдің қолдауына сүйенеді» деп жазуда.

«Қазақстан экономикасының басты секторларына цифрлық процестерді енгізуді, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетуді онлайн форматқа көшіруді жоспарлап отыр. Бұған қоса, Қазақстан Үкіметі елді интернетпен және ұялы байланыспен қамтуға ниетті», – деп хабар таратты ресейлік БАҚ.

Шын мәнінде, мұның бәрі елімізде бұрыннан жасалған. Қазір тек соны ары қарай жетілдіру жайында сөз болып отыр. Бұл іске қайта Ресейдің өзі артта қалғаны байқалады. Мысалы, 2020 жылы РФ Цифрлық даму жөніндегі үкіметтік комиссияның отырысында Ресейдегі цифрлық транформациялану үрдісі қатаң сынға ілікті.

«Бірыңғай порталда ұсынылған 400-дей федералдық қызметтің басым көпшілігі – бар болғаны өтініштер формасы. Оларға бәрібір қағаз құжаттардың сканерленген көшірмесін қоса тіркеу талап етіледі. Құжаттарға негізінен «күшейтілген біліктілікті электронды қолтаңбамен» (усиленная квалифицированная электронная подпись) қол қою керек, ол азаматтардың көбінде жоқ. Цифрланды деген қызметтер бойынша мекемелердегі жұмыс аналогтік форматта жүргізіледі және оның қорытындысында қағаз құжат беріледі. Оны өтініш берушінің өзі барып алып кетуге мәжбүр», – деп сипаттады қалыптасқан жағдайды РФ Цифрлық даму, байланыс және бұқаралық коммуникация министрлігі.

Комиссия көңілсіз қорытындыға келді: «Соңғы жылдары Ресейде цифрлық қызметтерді дамыту үйлестірусіз, инерциялы түрде жүруде. Егер кедергілер жойылмаса, алдағы уақытта бұл процестің күрт баяулап қалу қаупі бар».

Онда неге Қазақстан бұл істе өзінен көп кейін қалған көршісінің қолдауына сүйенбек?

«Бұл жерде біздің Үкімет Ресей тәжірибесін игергелі отырған жоқ. Білуімізше, отандық мемтехты дамытуға Ресейдің меморгандарын емес, ресейлік жоғары технологиялы компанияны серіктес ретінде тарту жоспарланған. Бұл қаржылық ұйымның тобы Германияда, Еуропаның өзге де елдерінде, Қытайда, Үндістанда жұмыс істейді. Ол өзімен бірге шетелдік озық технологияларды елімізге ендіреді деген үміт болса керек. Тек Үкімет ресейлік компаниямен шектеліп қалмай, бұл істе дамыған елдерден серіктес іздесе, отандық банктер мен IT компанияларды да жұмылдырса жөн», – дейді мемлекеттік басқару магистрі, экономист Сергей Дмитриев.

Сбердің өзі әзірге жұртшылыққа түсініктеме берген жоқ.

МИНИСТР МӘСЕЛЕНІҢ АСТАРЫН АЙТПАҚ

Телекоммуникация саласының сарапшысы Бауыржан Айтпенбетов Қазақстанның өзінде IT мамандары жеткілікті екенін айтады.

Ал аналитик Еркін Ермағамбет мұндай салмақты жобаның тізгінін озық дамыған елдердің салмақты компанияларына тапсырған жөн деген пікірде: «Мысалы, Google-ден мамандар шақыруға болады. Ол көптеген елге осындай көмек береді. Жөн көрсетсе, бұл іс отандық компаниялардың да қолынан келер еді. Саланың ресейлік софт пен менеджментке тәуелділігі ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруі ықтимал», – дейді ол.

> *Сарапшылар бұл саланың мемлекеттік құпиялармен астасып жатқанына, онда әрбір қазақстандықтың дербес деректері жинақталатынына, демек оның тізгінін бөгде елдің корпорациясының қолына бақылаусыз беріп қоюға болмайтынына назар аудартады.*

Сарапшылар бұл саланың мемлекеттік құпиялармен астасып жатқанына, онда әрбір қазақстандықтың дербес деректері жинақталатынына, демек оның тізгінін бөгде елдің корпорациясының қолына бақылаусыз беріп қоюға болмайтынына назар аудартады.

Олардың байламынша, әңгіме республиканың ақпараттық, цифрлық тәуелсіздігі туралы болып отыр. Бұл жайға салғырт қарауға болмайды.

Сарапшылар ортасында туындаған пікірталасқа орай Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин жауап қатты.

«IT саласындағы мамандар, сарапшылар мен блогерлер цифрландырудың платформалық моделіне көшуге қатысты жаңалықты белсенді талқылап, пікірлерін ортаға салуда. Мен бұл тақырыпты ашық талқыға салуға, барлық сұраққа жауап беруге дайынмын. Сол себепті алдағы бейсенбіде, 9 қыркүйекте IT қоғамдастық өкілдерін шақырып, дөңгелек үстел өткізуге шешім қабылдадым. Осы тақырып бойынша жан-жақты түсініктеме берілетін бұл жиын онлайн трансляцияланады. Сәл кейінірек оның өтетін уақытын хабарлап, трансляция сілтемесін жариялаймыз», – деді министр Б.Мусин.

Бұл жерде біраз сұрақ қордаланып қалғанға ұқсайды. Осының алдында «Атамекен» ҰКП-ның Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім беру және инновация комитетінің төрағасы, белгілі IT маманы Болат Бәшеев бастаған отандық IT қауымдастықтардың өкілдері Мемлекет басшысының атына ашық хат жазған болатын. Онда IT мамандары «Қазақстан Үкіметінің қолданыстағы «электронды үкімет» инфрақұрылымын ауыстыру үшін РФ Сбербанкінің «ГосТех» платформасын сатып алу бастамасына қатысты» алаңдаушылық білдірді.

«Ашық ақпаратқа сәйкес, Сбердің әлі іске қосылмаған «ГосТех» атты тұғырнамасы Сбердің өзі дамытып отырған Platform V технологиялық платформасына негізделеді. Platform V – микросервистік архитектураға құрылған бағдарламалық өнімдердің кешені. Ол ашық бастапқы коды бар технологияны пайдаланып жасалады. Сбер бұл бағдарламаны жасайтынын тек 2020 жылғы 30 қарашада жариялады. Яғни, даму сатысында тұрған тұғырнаманы сатып алу турасында әңгіме болуда», – деп мазасызданады IT мамандары.

Өйткені тұғырнаманы таңдаумен іс бітпейді, ары қарай бизнес процестердің бәрін талдау және реинжиниринг жүргізу қажет болады. Ендеше «электронды үкіметтің» қолданыстағы инфрақұрылымын ауыстыруға бірнеше жыл кетуі мүмкін. Мамандар осының салдарынан Қазақстан цифрландыруда артта қалуы ықтимал деген қауіп білдіреді. Себебі қазіргі eGov тұғырнамасында 700-ден астам мемқызмет автоматтандырылған. Онда 380-нен астам ақпараттық жүйе жұмыс істейді. 1 мыңнан астам интеграция жүзеге асырылған. Олардың бәрін жаңа тұғырнамаға көшіру жаппай ақаулар мен бұзылушылықтардың болуына соқтыруы мүмкін көрінеді.

Пандемия жағдайында бұл бұқараға да, бизнеске де, мемлекеттік органдарға да зиянын тигізуі ғажап емес.

Қалай болғанда, сұрақ көп, жауап жоқ. Цифрлық даму министрлігі алда сарапшылардың сауалдарына нақты түсініктеме берсе, абзал. Әрбір азаматты мазалайтын мәселеде жасырын ойын жүргізгені жауапты органға жараспаса керек.

Елдос СЕНБАЙ

Аралас мектептің саны арта түсті

Тәуелсіздік алғалы бері мемлекеттік тіліміздің мерейін өсіріп, қолдану аясын кеңейту күн тәртібінен түскен емес. Осы уақытқа дейін қазақ тілін меңгергендердің санын жыл сайын арттыру міндеті жүктеліп, мыңнан аса бағдарлама да, «Тіл туралы» заңымызға да бірнеше рет түзету енгізілді. Олай болса, ойындағысын орыс тілінде оңай жеткізіп, қазақ тіліне келгенде қиналатындардың қатары неге көп? Аралас мектептердің санын көбейтуге қандай себеп бар? Оларды біртілді мектепке айналдыруға не кедергі?

Жадыра МҮСІЛІМ

Екі жыл бұрын елдегі аралас мектептің саны 2 046 болған. Былтыр 2 321 аралас мектеп болса, биыл оған тағы 79 мектеп қосылған. Сонда республика бойынша 7 400 мемлекеттік мектептің 2 400-і аралас, ал 1 200-і – орыс тілінде, қалғандары өзге тілдерде білім береді. Ең алғаш аралас мектеп ашылған XIX ғасырда Сырдария губернаторы орыс тілін меңгеріп жатқан қазақ балалары мектепте шыға бере қазақша сөйлегеніне көңілі көншімесе, аралас мектепте білім алатын бүгінгі қарадомалақтар қазақша «қазақ тілі» сабағында ғана сөйлеуі мүмкін. Әйтпесе, былайғы уақытта ресми тілге бүйрегі бұрып тұратынын жасырып қайтеміз.

ҚАЗАҚ ҚАЗАҚТЫҒЫН ЖОҒАЛТАДЫ

Адамзат тарихында ұлт ғұмырының ұзақтығы ана тілін сақтап қалудан басталады. Яғни, тілсіз ұлт жоқ. «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деген Ахмет Байтұрсынұлының сөзі өзектілігін жоғалтпағаны былай тұрсын, күн тәртібіндегі күйіп тұрған мәселеге айналды. Өйткені өз тілін өгейсітетін, мемлекеттік тілін менсінбейтін ұрпақ өсіп келеді. Белгілі абайтанушы, әдебиетші Мекемтас Мырзахметұлы оның себебі аралас мектептен басталатынын айтады. «Аралас мектеп – отарлық саясаттың классикалық түрі» деп санайтын ол: «Бұрынғы Білім және ғылым министріне бірнеше рет айттым. Аралас мектеп жүрген жерде қазақ қазақтығын жоғалтады. Өйткені мұндай мектептердегі мемлекеттік тіл – орыс тілі болады. Орыстандырудан құтыламыз деп жүріп, өзіміз тұтылып жатырмыз. Аралас мектептің көзін құртпай, мемлекеттік тілдің мерейін өсіреміз деу қармақсыз балық аулаумен бірдей», – дейді. Айтуынша, аралас мектептен арылуда ешқандай кедергі жоқ. Бар болғаны, қазақты қазақ, орысты орыс мектебіне беру керек.

АРАЛАС МЕКТЕПТІ АША БЕРУ ДҰРЫС ЕМЕС

Былтыр бір топ депутат республикадағы аралас мектептердің көбейіп бара жатқанына назар аудартты. Сол кезде бірнеше әріптесінің атынан сауал жолдаған сенатор Динар Нөкетаева Үкімет басшысына: «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қазақ тілі – қазақтың жаны. Оның ішінде халықтың тарихы, тағдыры, мәдениеті, әдебиеті, менталитеті мен діні де кіреді. Тілдің қолдану аясын кеңейтіп, қазақ тілін барлық ұлттардың сүйікті тіліне айналдыруда мектептердің маңызы зор», – деген. Сенатордың сөзінше аралас мектептер елдегі жалпы мектептердің 30%-ын құрайды. Әлемнің ешбір мемлекетінде мұндай жағдай жасалмаған. Егер аралас мектептердің саны көбейе берсе, бұл үрдіс жалғаса беретін болса, қазақ тілінің болашағын болжау қиындай береді. Осылай деген Динар Жүсіпәліқызы Қордайдағы қақтығыста қазақ тілінің мәртебесі, оның ішінде мектеп қабырғасында білім алуға қатысты өткір мәселелерді көрсетіп бергенін еске салған. Өйткені аймақтардағы аралас мектептерде білім беретін мұғалімдердің басым бөлігі мемлекеттік тілді білмейді екен. Бұл айналып келгенде тіл ғана емес, аралас мектептердегі оқушының ұлттық санасын, дүниетанымы мен патриоттық рухын көтеру мүмкін емесін білдіреді.

«Жақында «Nur Otan» партиясы қоғамдық кеңесінде білім мәселелері бойынша кездесу өтті. Салынып жатқан 800 мектеп сөз болғанда осы мәселені тағы қозғадым. Білім және ғылым вице-министрі жергілікті жерлердің әкімдері шешетінін айтты. Өткен жолы аралас мектептердің мәселесін тағы сұрап, министрдің орынбасарынан «Аралас мектеп азаюдың орнына неге көбейіп жатыр?» деп сұрадым. Айтуынша, солтүстік өңірлердегі орыс мектептерінде бір-екі қазақ сыныбы ашылса, «аралас мектеп» болып есептелетінін айтты. Өзім де кезінде аралас мектепті бітірдім. Бірақ егемендік алған кезеңде аралас мектепті аша беру дұрыс емес. Онсыз да мектепке дейін балалардың тілі орысша шүлдірлеп келеді. Екіншіден, тіл мәселесі отбасындағы ұлттық тәрбиеге де байланысты», – дейді депутат Динар Нөкетаева.

БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЙТА ҚАРАУ КЕРЕК

Білім бойынша сарапшы маман Гүлнәр Әбішова аралас мектеп дегенге түбегейлі қарсы екенін айтады. «Егер ауылды жерлерде бір ғана ғимарат болса бір сәрі. Ал қалалық жерлерде екі аумақта тұрған аралас мектептерді бір-біріне қосып, нақты қазақ және орыс деп бөліп тастауға болады. Аралас мектептегі қазақ балалардың бір-бірімен қарым-қатынас тілі – орысша. Таза қазақ тілін меңгеріп жатыр деп айта алмаймыз. Басқару жүйесін қайта қарау керек», – дейді Гүлнәр Әбдірахманқызы. Екіншіден, биыл балаларын орыс мектебіне беріп жатқан ата-аналар көбейді. Оның себебі, қазақ сыныптарындағы оқулықтардың сапасында болып отыр. «Қазақша оқулықтарда қате көп. Одан кейін ата-аналар балаларының болашағын ойлайды. Мысалы, орыс мектебін бітіргендер қызметке орналасып, сапалы білім алу үшін көрші Ресейге барып түсуіне орыс тілін білу мүмкіндік береді деп ойлайды. Бірақ қазақ мектебінде оқитын балалардың білім сапасы көш ілгері болмаса, кем деп айта алмаймын. Оның үстіне, қазақ мектебінде оқыған балалардың бойында қазақы тәрбие бар. Аралас мектепте ұлттық тәрбие беріп жатыр дегенге өз басым сене алмаймын», – дейді Гүлнәр Әбішова.

«ӘЛІ КҮНГЕ ҚАЗАҚША ТҮСІНБЕЙ ҚАЛАМЫН»

Аралас мектепте білім алған Бақтияр Бүкетаев қазақ тілін әлі күнге дейін жетік білмейтінін мойындайды. Өйткені бала кезінен өзге тілде білім алғанның салдары осы уақытқа дейін алдынан шығады екен. «Біздің мектепте жартысы қазақ, жартысы орыс болды. Кейін Петропавлға көштік. Біздің үй жағымызда қазақ мектебі болмады. Орыс мектебіне бардым. Бұрын қазақша мүлдем дұрыс сөйлей алмайтынмын. Кейін әскерде жүргенде қасымдағы балалармен сөйлесе жүріп, қазақша үйрендім. Өзіммен салыстырғанда қазақ мектебін бітіргендердің тіл білуі өте жоғары. Ал мен әлі күнге дейін қазақша сөздерді түсінбей қаламын. Аралас мектепті бітірген қазақ достарым бар, олардың арасында да қазақша білмейтіндер бар. Ал шала сөйлейтіндері жұмыс беріп жатқанның дені – орысша сөйлейтіндер, екіншілері – орыс тілін өздері білмейтін ата-аналар. Олар «Орысша білмегеннің салдарынан жақсы жұмысқа тұра алмадым, енді балам өзім секілді қиналмасын» деген ниетпен, амалдың жоқтығынан баласын аралас мектепке беруге мәжбүр. Алғы сөзін қазақша, ары қарай түсінікті тілде сөйлейтіндердің балалары онсыз да өзге тілде шүлдірлейтіні белгілі. Өзге тілде ойлап, өзге тілде сөйлейтіндер мемлекеттік тілдің мерейін өсіреді дегенге осыдан кейін сенудің өзі қиын көрінеді.

> *Мысалы, орыс мектебін бітіргендер қызметке орналасып, сапалы білім алу үшін көрші Ресейге барып түсуіне орыс тілін білу мүмкіндік береді деп ойлайды. Бірақ қазақ мектебінде оқитын балалардың білім сапасы көш ілгері болмаса, кем деп айта алмаймын.*

барысында үйреніп, жаңадан тіл сындырып жүр», – дейді Бақтияр Серікұлы. Ал Динара Сүгірбаева елордадағы жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясында қазақ тілі пәні жеткілікті деңгейде оқытылмайтынын жеткізді. Айтуынша, бірнеше тілді меңгерткізетін қаладағы 17 мектеп-гимназиясында баласы аптасына 4 рет ағылшын, екі рет қазақ тілі сабағын оқиды. «Осыдан кейін қазақ тілінде сөйлеп кетеді дегенге кім сенеді? Бірінші сыныпта «иә» және «жоқ» дегенді үйренген. Үшінші сыныпқа көштік. Әлі күнге сол екі сөзді ғана білеміз. «Мен саябаққа бардым» дегенді әрең үйренген балаға «Мен саябаққа бардым» дегенді айтқызудың өзі үлкен жұмыс болып жатыр. Балалардың 90 пайызы қазақша білмейді», – дейді Динара Сүгірбаева.

«Көптілді, көпдінді, көпділді мемлекеттің өмірі ұзаққа бармайды» деген Мұстафа Кемал Ататүріктің сөзі қалай орынды айтылған. Өкінішке қарай, қазақ мектебінде оқитын балалар да қоңырау соғылысымен, өзара орысша сөйлеседі. Ол түгілі балабақшадағы қазақ тобына баратын бүлдіршіндер өзге тілге бүйректері бұрып тұрады. Тәуелсіз мемлекет атанғанымызға 30 жыл өтсе де, бірде-бір қазақ мектебі салынбаған аймақтар бар. Есесіне, елдегі аралас мектептердің саны жылдан-жылға өсіп келеді. Ал 2 400 аралас мектепте білім алатын балалар үшін өз тілі аптасына екі рет, ары кетсе 45 минут оқытылады. Әр адамның қай тілде білім алуы өз еркінде екені түсінікті. Бірақ қазір балаларын орыс және аралас мектептерге

Ақылы түрмелер керек пе?

«Сүрінбейтін тұяқ жоқ…». Жаза басып, жаңылғандарды тоғытып жатқан темір тордың арғы жағындағы жағдайдың қандай екенін екінің бірі біледі. Көне барақтар, ескі жиһаздар және ұнжырғаңды басатын сұрықсыз бояу. Ендеше мұндай ахуал адамды түзеп шығарады деп айту қиын. Осы ретте «елімізде ақылы, жекеменшік түрмелер керек пе?» деген мәселенің көтерілгеніне көп болған еді.

Нұрлан ҚОСАЙ

ЖЕКЕМЕНШІК ТӨРТ ТҮРМЕ

Бұл мәселе соңғы рет 2015 жылы сөз болыпты. Сол кезде елімізде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізде 4 түзеу мекемесі салынатыны туралы хабарланған болатын. Олар Петропавл, Шымкент, Нұр-Сұлтан және Қарағанды қалаларында салынады деп хабарланған еді. Тіпті, жер телімдері бөлініп, құжаттары әзірленген. Бірақ құрылыс жұмыстары басталмаған екен. Бір түрменің құрылысына 18 млрд теңге шамасында қаржы кетуі мүмкін делінген. Содан бергі уақытта бұл мәселе тоқтап қалды. Болмағанда бұл күндері елімізде әрі жайлы, әрі қауіпсіз төрт түзеу мекемесі жұмыс істеп тұрғандай екен. Сол кездегі бастамашыл топтың айтуынша, мемлекетке масыл болмай, тіпті табыс та әкелмек.

«Мұндай түрмелердегі тәртіп пен қауіпсіздікті мемлекет қамтамасыз етуі керек. Оны жекеменшікке беруге болмайды. Әйтеуір, Еуропада солай. Одан соң құрылыс материалдарынан үнемдеп қажеті жоқ. Сондай-ақ табиғи түрдегі жарықтандыру мен желдету жүйелерін кеңінен қарастыру қажет. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынатын болғандықтан, мұндай мекемелер міндетті түрде табыс әкелуі қажет. Өйткені инвестор салған ақшасын қайтарып алуы керек қой. Ал ол үшін концессионер немесе меншік иесі бір мезгілде әрі бизнесмен, әрі құрылысшы, әрі басқарушы болуы қажет», – деген еді сол кезде Еуропа және Латын Америка елдерінде түрме салудан 25 жылдық өтілі бар француздық Vinci Constructions Grand Project компаниясының Қазақстандағы филиалының басшысы Тимур Джабуа.

Шетелдік маманның айтуынша, жазасын өтеушілерді жұмыспен қамтудың екі мақсаты болады екен. Бірі – еңбекпен түзеу. Мәселен, Еуропада сотталушылардың күш-қуатын дұрыс бағытқа жұмсап, уақытын тиімді пайдаланып, табыс табуға тәрбиелеуге баса назар аударады. Ал екінші мақсаты – мекемеге табыс әкелу. Америкада және көптеген басқа елдерде жазасын өтеушілерге тек жұмыс күші ретінде қарайды. Олардың еңбекке қабілеттілерін міндетті түрде жұмыска салады. Бұл екі әдістің де екеуі де нәтиже береді екен. Джабуаның ойынша, түрмені салғаннан кейін де мемлекет меншік иесін оны күтіп ұстау және жарақтандыру проблемасымен жалғыз қалдырып кетпеуі тиіс. Қандай жағдайда да сәйкес министрліктер бұл жұмыстарды қаржы бөліп болса да көмектесіп, үйлестіріп отыруы керек.

ҒИМАРАТ ҚОРЫ ӨТЕ ЕСКІ

Соңғы мәлімет бойынша, елімізде түзеу мекемелерін, уақытша ұстау изоляторларын, қоныс колонияларын қосқанда 82 ҚАЖ мекемесі бар. Оларда барлығы 32 мыңнан астам қамауда екен. Соның ішінде 25 мыңы жазасын өтеушілер болса, 6,5 мыңы тергеуде жүрген арестанттар. Елімізде 6 әйелдер колониясы бар. Онда 2 200-ден астам әйел жазасын өтеп жатыр. Сонымен бірге түрме контингенті арасында жасы 18-ге толмаған 52 жасөспірім, 60-74 жас аралығындағы 655 қария, 712 мүмкіндігі шектеулі жан, 1 232 шетел азаматы және 149 азаматтығы жоқ тұлғалар бар. Ашық ақпарат көздеріне сүйенсек, осы 25 мыңнан астам жазасын өтеушілерді ұстап тұру үшін бюджеттен жылына 38 миллиард теңге бөлінеді екен. Бұл дегеніміз – бір сотталушыға айына 125 мың теңге кетеді деген сөз. Әрине, ел қазынасы үшін аз ақша емес. Сондықтан да бұл мәселені халықаралық тәжірибеге сүйеніп шешу үшін түзеу мекемелеріндегі жұмыспен қамту мәселесі күн тәртібінде бірінші кезекке шығарылды. Бұл бағытта реформалар жасалып, осы уақытқа дейін монополист болып келген «Еңбек» РМК ығыстырылып, режимдік мекемеге сырттан азаматтық кәсіпкерлерді тартуға, жазасын өтеушілердің өздеріне кәсіп ашуға рұқсат берілген болатын. Содан бері мұндағы өндіріс екпіні аз ғана жанданғанымен, түрлі материалдық-техникалық, өндірістік-экономикалық қиындық онсыз да күрделі жағдайда жұмыс істеп жатқан кәсіпкерліктің адымын аштырмады. Мемлекет түзеу мекемелеріндегі өндіріс орындарынан ауыз толтырарлықтай табыс таба алмады. Жазасын өтеушілердің еңбекақысы өздерінің мұқтаждығына, мойнындағы талап-қарызын өтеуден аспады. Сондықтан да әр жазасын өтеушіге жұмсалатын шығын өндіріліп жатқан жоқ.

Оның үстіне, еліміздегі сексеннен астам түзеу мекемесінің басым бөлігінің ғимарат қоры өте ескі. Соңғы отыз жылда олардың жаңара қойғаны бірен-саран. Осы реттен келгенде еліміздегі түзеу мекемелерінің дені сталиндік тоталитаризмнен қалған мұра деуге болады. Түгелге жуығы барақ түріндегі тұрғынжайлар. Ал камералық типке қарағанда казармалық үлгідегі ұстауда ішкі тәртіпті қадағалау біршама қиындық тудыратыны белгілі. Осы және басқа да көптеген проблема күн тәртібіне жаңадан халықаралық модульге сәйкес ақылы түрмелер салу қажетін шығарды. Бұл туралы еліміздегі пікірлер екіге айырылды.

> *Елімізде түзеу мекемелерін, уақытша ұстау изоляторларын, қоныс колонияларын қосқанда 82 ҚАЖ мекемесі бар. Оларда барлығы 32 мыңнан астам қамауда екен… Ашық ақпарат көздеріне сүйенсек, осы 25 мыңнан астам жазасын өтеушілерді ұстап тұру үшін бюджеттен жылына 38 миллиард теңге бөлінеді екен.*

ҚОЛДАЙТЫНДАР МЕН ҚАРСЫЛАР

Осы тығырықтан шығуды қолдайтындардың басты дәйегі – ҚАЖ саласының материалдық-техникалық базасының жұтаңдығы. Ең қиын шаруа адам тәрбиелеу десек, әуелі пенитенциарлық жүйенің жағдайын жасау қажет. Солардың бірі белгілі адвокат Әнуар Түгел бұл бастаманы әу бастан-ақ қолдайтынын жеткізді.

«Қазіргі қылмыстық-атқару жүйесіндегі мекемелердің ескілігі сондай, олар жазаларды орындаудың Қазақстан өз мойнына алған міндеттемелердің стандарттарына, хаттамаларына сәйкес келмейді. Сондықтан да олар белгілі бір дәрежеде адам құқығын бұзып отыр. Бізге жаза өтеудің камералық және тағы да басқа түрлеріне көшіп, жазасын өтеушілерді ұстау жағдайын жақсарта түсу қажет. Бұл туралы әлдеқашан айтылғанымен, мемлекет бұл тұрғыда қатты асығып отырған жоқ. Сондықтан да оны жекеменшікке берген дұрыс деп ойлаймын. Өйткені олар бұл тұрғыда өте икемді, уақыт талаптарына ден қоя отырып, жедел шешімдер қабылдай алады. Меніңше сұрақты «керек пе, керек емес пе?» деп қойғаннан гөрі мұндағы ұйымдастыру мәселесін ойлану керек. Режимдік қауіпсіздік, жұмыспен қамту, медициналық көмек, өндірістік аймақ – осылардың барлығы қалай жүзеге асады, кім жүзеге асырады және кім қаржыландырады? Менің ойымша, тапсырыс беруші – мемлекет қаржыландыруы тиіс. Кейіннен ішкі қадағалау, тамақтандыру, денсаулық сақтау, тәрбие жұмыстары қызметтерін де жеке компанияға беруге болады», – дейді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Адам құқығын қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының директоры, заң ғылымдарының кандидаты Әнуар Құрманбайұлы.

Жалпы, қылмыстық-атқару саласын модернизациялау ең алғаш Елбасының 2015 жылы 20 мамырда қабылданған «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасында қарастырыла бастаған болатын. Онда бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан жазасын өтеушілерді әлеуметтік сауықтырудың тиімді тетіктерін құру, пробация органдарын осы іске араластыру мәселелері көтерілді. Кейбір мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып пенитенциарлық жүйеге жекеменшік қаражатты тарту жайы сөз болды. Еуропалық стандарттарға негізделген, жайлы әрі жоғары технологиялық ақылы түрмелер туралы да осы кезден айтыла бастаған еді. Ал қарсы тараптың үні одан бұрын шықты.

«Бұл тұрғыда біз түрме дегеніміз адамдардың қайғы-қасіреті ұйып қалған орта екенін ұмыт қалдырған сияқтымыз. Сондықтан да оны жекешелендіру мүмкін емес. Бұл олардың психологиялық азабын одан сайын ауырлата түседі. Белгілі американдық ғалым және жазалау саясатының ымырасыз сынаушысы Ховард Зер айтқандай, мемлекет шешімдер қабылдаудағы монополистік рөлінен айырылмауы керек. Жазаларды орындау – көпшіліктің мүддесін дәріптеуші, қоғамдық тәртіптің бөлшегі. Сондықтан оны жекеменшікке беруге болмайды. Бұл жазасын өтеушілердің бостандығын одан сайын шектеуге, еңбегін қанауға алып келуі мүмкін. Бұл туралы сонау 2010 жылдан бері айтып келеміз. «Жекеменшік түрмелер: мемлекеттік жазалау саясатындағы тығырық» деген ғылыми мақалада сынап жазғанбыз. Сол кезде Израильдің бес жылдан кейін осы тәжірибеден бас тартқаны туралы да айттық. Түрмелер жекеменшікке айналса, коммерциялық құпия, қызметтік құпия деген желеумен қоғам тарапынан, құқық қорғаушылар тарапынан ондағы процестерді қадағалау қиын болып кетеді. Бұл еліміз жүргізіп отырған гуманизация саясатына қарсы. Жазасын өтеушілерді ресоциализациялау күрделене түспек», – дейді ішкі істер органдарының қызметіндегі мәселелер бойынша қоғамдық кеңестің мүшесі, ШҚО мәслихатының депутаты, заң ғылымдарының докторы Қуат Рахымбердин.

АҚТАУ ҮКІМДЕРІ ӘЛІ ДЕ АЗ

Бүгінде Қазақстанда қылмыстық жауапкершілікке тартылғандардың жалпы санының тек бір пайызы ғана сот үкімімен ақталып шығады. Осыған қарағанда тергеуші мен прокурор істі сотқа жеткізсе болды, ары қарай судья күдіктіні бас бостандығынан айыру жазасын көзді жұмып қойып, кесе салатын сияқты. Тіпті, қанқұйлы Сталиннің «үлкен террор» кезінде де, Екінші дүниежүзілік соғыс уақытында да бұл көрсеткіш 9-13%-дан төмендемеген.

Дәулет АСАУ

Соттардың өзі айыпталушыларға қатысты ақтау үкімдерінің аздығын дәлелденбеген істердің тергеу процестері кезінде-ақ, сотқа жетпей, тоқтап қалатынымен түсіндіреді. Сондықтан судьяның алдына қылмысы толықтай ашылған, күдіктінің кінәсі бұлтартпас айғақтармен айқын дәлелденген істер ғана келетін көрінеді. Яғни, сотқа дейінгі тергеу органдары мүлтіксіз жұмыс істейді-мыс. Бірақ шынымен солай ма?

Әлбетте, сотқа жеткен істердің басым көпшілігінің сапасына біз де шүбә келтіре алмаймыз. Алайда бұлыңғыр дәлелдермен жазықсыздан-жазықсыз сотталып кеткен жандардың бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

АЙЫПТАУ АЙҒАҚТАРЫ ШАЛАҒАЙ

«Мен Кеңес заманын да, қазіргі заманды да білемін, еңбек тәжірибеме қарай сол кез бен қазіргі кезді салыстыра аламын. Сонда анық байқағаным, бұрынғы тергеушілерге қарағанда қазіргілердің деңгейі төмен. Өз тәжірибемде ой-өрісі тар, кәсіби біліктілігі төмен, мінезі дөрекі тергеушілерді көп кездестірдім. Әрине, өз ісінің нағыз майталман мамандары да бар, бірақ олар тым аз. Сөйте тұра, судьялардың осындай шалағай тергеушілердің пісіп-жетілмеген шикі істері бойынша айыптау үкімін кесе беретініне талай рет куә болдым. Бұл жерде басты назар сотқа жеткен істердің дәлелді базасы қандай, судья ол бойынша қандай шешім шығарды дегенге көбірек аударылуы керек»,– деді адвокат Ерғали Мелдебеков.

Қылмыстық-процессуалдық кодекс бойынша Қазақстанда соттар тәуелсіз, ал айыптаушы мен қорғаушының құқықтары тең. Әйтсе де, сот пен құқық қорғау органдары арасында заңда жазылмаған тығыз және өзара сыйластық принципіне құрылған қатынастар орнаған. Соттар мемлекеттік органдардың «жақсы көрсеткіштерін» бұзбау үшін беттерінің арын белге түйіп қойып, күдікті еш қиналмастан айыптау үкімін кесе салады. Бұл жерде тергеушінің, прокуратураның және соттың «айыпталушыны қалай болғанда да соттап жіберу керек» деген мүддесі үндесіп жатқан сияқты. Оған себеп бар: егер судья қаралып отырған іс бойынша ақтау шешімін шығарса, бұл тергеу органдары әзірлеген және прокуратура органдары бекіткен айыптау дәлелдерінің дәрменсіздігін, олардың жұмыстарының қанағатсыздығын білдіреді. Яғни, аталған екі органның кемшілігін көзге шұқып көрсетеді. Егер мұндай процестердің арты ушығып кетсе, одан сот жүйесі мен құқық қорғау органдары арасында салқындық жүгіріп өтуі мүмкін. Судьяға мұндай белсенділік керек пе? Әрине, жоқ. Олар құқық қорғау органдарымен қақтығысқа баруды қаламайды. Өйткені күштік құрылымдар өздеріне қолайсыз судьялардың үстінен жалған қылмыстық іс қозғап жіберуі мүмкін деген қорқыныш көп. Төрелік етуші қауым шешім қабылдау кезінде осы жайтты жадынан шығармайды.

«КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫ» САҚТАЛМАЙДЫ

Заңда «Кінәсіздік презумпциясы» деген түсінік бар. Яғни, айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, оның айыбын тергеуші бұлтартпас айғақтармен мойнына іліп беруі керек. Бірақ сот талқылаулары кезінде бұл шарт ескеріле бермейді. Тіпті, айыпталушының кінәсі ешқандай фактімен дәлелденбесе де, судьялар тергеудің ығына жығылып, айыптау үкімін кесе салуы ғажап емес. Әрине, бұл жағдайда біз прокуратураға шағымданып жүріп, істің бұзылуына қол жеткізе аламыз. Алайда мұндай мысал көп емес,– дейді Ерғали Мелдебеков.

Кәнігі адвокаттың мұндай азды-көпті қарсылықтар арқылы әділсот жүйесін қамтамасыз ету мүмкін емесін айтады. Ол тұтас сот жүйесіне өзгерту енгізу керек деп санайды. Өйткені елімізде сыбайлас жемқорлық дертінің қаншалықты асқынып кеткені ешкімге жасырын емес, бұл кесел сот саласын да айналып өткен жоқ. Сондықтан жоғары тұрған инстанция арқылы тағайындалатын судьялар шешімнің әділдігіне емес, жоғарыдағы басшылыққа жағатыны-жақпайтыны тұрғысынан қарайды. Сот процесі кезінде адвокат тергеуші ұсынған айғақтар мен дәлелдердің талқанын шығарып, өз тарапынан бұлтартпас мың уәж келтірсе де, оған судьяның былқ етпейтіні үйреншікті жағдайға айналып кеткелі қашан. Яғни, сот процесінде айыпталушылардың тек бір пайызының ақталып шығатыны соның дәлелі.

Оның үстіне, адамның көпкөрінеу әділсіз үкімге қарсы сотқа тасуы үшін көп қажыр-қайрат пен ақша да керек. Мұндай мүмкіндік екінің бірінен табыла бермейді. Адвокаттардың еңбегі ақылы және аз тұрмайды, ал кез келген күмәнді істің парша-паршасын шығарады деген беделді де білікті адвокаттардың еңбегі тіпті айрықша қымбат. Сондықтан қандай да бір істің соңынан түсіп, оны Жоғарғы Сотқа дейін жеткізіп, жеңіп алу үшін қалтаңыз қалың, жүйкеңіз мықты болуы шарт. Өйткені кейбір күрделі істер әлденеше жылдарға созылып жатады.

Әлбетте, мүмкіндігі жоқ жандарға мемлекет тарапынан тегін адвокаттар беріледі. Бірақ қазақ «Арзанның жілігі татымас» деген, олардың көпшілігі әйтеуір ақыр аяғында айыптаушының жеңетінін білетіндіктен өздеріне таңылған клиентті жанқиярлықпен қорғауға тырыспайды.

ӨКІМЕТ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУГЕ ҚҰЛЫҚСЫЗ

Қазақстанда қылмыстық жауапкершілікке тартылғандардың ішінен ақталып шыққандардың неге аз екеніне соқтауылдай тағы бір себеп бар: тергеуші күдіктіні қылмыскер ретінде түрмеге қамап тастап, өзі соны дәлелдеу үшін фактілер іздейді. Ол фактілер бір күнде табылмайтыны белгілі. Бірнеше апталарға, айларға созылып кетеді. Оның үстіне, тергеушінің өлдім-талдым деп жинаған дәлелдері жеткіліксіз немесе сапасыз болуы мүмкін. Бірақ оған қалай болғанда да күдіктіні соттату керек. Өйткені ол ақталып шыққа, жазықсыз қамауда отырған күндері үшін Үкіметтен өтемақы талап ете алады. Мұны тергеуші де, прокурор да, судья да жақсы түсінеді, сондықтан бұл жайт әлгі байғұстың мойнына күмәнді айып тағып, жаза кесіп жіберуге итермелейді. Ащы да болса шындықтың бір ұшы осында жатыр.

Республикада адамның жазықсыз қамауда отырғаны үшін мемлекеттен өтемақы өндіртіп алу фактісі сирек те болса кездеседі. Бірақ ол шетелдердегідей пәленбай миллион долларға бағаланбайды. Мәселен, 2018 жылы елордада жалған жаламен 8 ай абақтыда отырған азамат кейін ақталып шығып, оның адвокаты Қайрат Қасымханов жапа шегушінің әр күнін 100 мың теңгеге бағалап, Қаржы министрлігінен 36 миллион теңге өтемақы талап еткен. Бірақ Үкімет оған бар болғаны 1 миллион теңгені қолына ұстатып, «осыған риза» бол деп, теріс айналып кеткен.

Жоғарғы Соттың дерегі бойынша, республикада 2015 жылы – 149 адам, 2016 жылы – 62, 2017 жылы – 70, 2018 жылы – 270, 2019 жылы – 318, ал 2020 жылдың бірінші жарты жылдығында 219 адам ақталып шыққан. Ал бұл уақытта жыл сайын мыңдаған адам түрмеге тоғытылып отыр. Өйткені біздің елімізде қылмыстық процесс жазалау принципін қатаң ұстанады. Егер АҚШ-тың сот жүйесі «Бір жазықсыз адам түрмеде отырғанша, он айыпты адам бостандықта жүрсін» деген ережеге сүйенсе, Қазақстанда ол қағида тұп-тура қарама-қарсы мағынада қолданылады. Осыған қарап біздің қоғам неліктен соншалықты қатыгез болып кетті екен деп ойланасың?!

«Қазақстанда әділсот жүйесі жұмыс істеуі үшін айыптаушылар мен қорғаушылардың құқықтар және мәртебелері тең болуы тиіс,– дейді Ерғали Мелдебеков. Оның айтуынша, қаралып жатқан істің толыққанды зерттелуі үшін адвокаттарға да істі тергеуге құқық берілуі тиіс. Сондай-ақ сот шешімі шығарылған хаттамаға тек айыптау актісі ғана емес, қорғау актісі де енгізілуі керек. Бұл сот үкімінің неғұрлым әділ шығуына ықпал ететін болмақ. «Адвокаттың мәртебесін көтеру – халықтың жағдайын ойлау. Сонда ғана жазықсыз сотталып кетушілердің қарасы азая түседі»,– дейді кәнігі адвокат.

Сөз соңы: Заңгерлер елімізде қылмыстық істер бойынша күдіктіні ақтап алу үкімдерінің тым аз шығарылатынын бұрыннан айтып келеді. Мұндай проблеманың барлығын Жоғарғы Сот та растап отыр, бірақ одан жағдай өзгеріп кете қойған жоқ. Әлемдік тәжірибеде сот процесі кезінде күдіктіні ақтау үкімдерінің үлесі 1%-дан төмен болса, бұл құқық қорғау және сот органдарының жұмысында үлкен бір шалағайлық бар екенін білдіреді. Өркениетті елдерде сот жүйесі жазалау органынан гөрі әділеттілікке қол жеткізу функциясын көбірек атқарады. Мәселен, Еуропада қылмыстық жауапкершілікке тартылғандардың – 15-20%-ы, АҚШ-та 25-30%-ы ақталып шығады.

Аштық жариялағандарға назар аударған адам жоқ

Солтүстік Қазақстан облысындағы Обухов тау-кен байыту комбинатының акционерлері арасындағы дау-жанжалдың салдары жұмысшылардың аштық жариялауына әкеліп соқтырды. Олар облыс әкімінің, прокурорының және бас полицейінің отставкаға кетуін, тыныш жұмыс істеуге мүмкіндік берілуін, тұтқындалған тауардың қайтарылуын және алдағы уақытта шикізат тиелген көліктердің тоқтатылмауын талап етуде. Өкінішке қарай, 400 әріптесінің мүддесі үшін төрт жұмысшының нәр сызбай отырғанына он күннен асса да, әзірге олардың жанайқайына ешкім құлақ аспады.

Кәсіпорынның механигі Виктор Гусак, кадр бөлімінің инспекторы Екатерина Иванова, қауіпсіздік қызметінің қызметкері Абзал Ибрагимов және зәңгер Булат Душкаев шарасыздықтан дәл Конституция күнінде аштық жариялады. Ондағы мақсат – Обухов тау-кен байыту комбинатының түйткілдеріне билік басындағылардың назарын аударту (AIQYN, №116 (3973), 7 тамыз, 2021 жыл). Олар сыбайлас жемқорлықтың салдарынан кәсіпорын осындай жыларман күйге тап болғанын айтады. Тау-кен комбинаты өндірген титан-цирконий концентратын кәсіпорын аумағынан шығаруға тыйым салынғандықтан, жүк тиелген көліктер полиция қосынында қаңтарулы тұр. Тауар сатылмаған себепті жұмысшыларға екі айдан бері еңбекақы мен сыйақы төленбеген. Жұмысшылардың 90 пайызы мәжбүрлі демалысқа жіберілді. Себебі комбинат акционерлерінің бірінің өтініші бойынша мұнда 7 тамыздан бері электр жарығы жоқ. Бірақ өндірісті тоқтатпас үшін серіктестік басшылығы дизель стансаларын сатып алғанымен, оның қуаты жеткіліксіз әрі шығыны көп.

Зертхана және техникалық бақылау бөлімінің бастығы Наталья Александрова: «Біздің кәсіпорын электр қуаты үшін ешқандай қарызы жоқ. Сондықтан жарықты қосуын талап етіп отырмыз. Өзіміз әртүрлі себепке байланысты аштық жарияламасақ та, әріптестерімізді қолдаймыз. Мысалы, менің кішкентай сәбиім бар, біреудің денсаулығы жарамайды, басқасы науқас ата-анасын бағып отыр. Ауылда тұратындар алдағы қысқа жемазық, отын-көмір әзірлеумен әлек болып жүр. Бірақ бәріміз де нәр сызбай отырған әріптестеріміздің жағындамыз. Бұл олардың денсаулығына кері әсер ететінін түсінеміз. Кәсіпорынның жұмысына қатысты заңсыздықтарға Үкімет және Президент Әкімшілігі назар аударғанын қалаймыз. Бізге тыныш жұмыс істеуге мұрша берсе екен дейміз. Басқа талабымыз жоқ», – дейді.

ДЕНСАУЛЫҚ СЫР БЕРЕ БАСТАДЫ

Он күннен астам аш отырған кадр бөлімінің инспекторы Екатерина Иванова күннен-күнге әлі құрып, денсаулығы сыр бере бастағанын айтады. «Бүгін таңертең қозғалуға шамам болмады. Су ғана ішеміз. Құр су ғана ішкен адам 30-40 күннен кейін жоқ болады. Билік басындағылар соны күтіп отырған шығар? Бірақ біз де райымыздан қайтпақ емеспіз. Біз не істесек те, назар аударған ешкім жоқ екенін халық білуі керек. Ол үшін біз емес, басқалар ұялсын. Бізді шетелдіктер де бақылап отыр. Ерте ме, кеш пе, біздің жанайқаймызды естір құлақ табылар. Төртеуміз де аштыққа қарамастан, жұмысымызды істеп жүрміз. Әбден есімізден танып қалғанша жалғастыра бермекпіз», – дейді 32 жастағы Екатерина.

Аштық жариялаған төртеудің денсаулық жағдайын кәсіпорын фельдшерлері төрт сағат сайын қадағалап отыр. Медицина қызметкері Ксения Густтың айтуынша, олардың қан қысымы не көтеріліп, не түсіп кеткен. «Бойларында әлсіздік, ұйқышылдық, күйзеліс басым, жата бергілері келеді. 5-7 келі салмақ тастады. Кеше анализдері Көкшетау қаласындағы MIRANDUS медицина орталығының зертханасына тәуелсіз талдауға жіберілді», – дейді фельдшер Ксения Густ.

ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН «КИНО» МА?

Бұл олардың шын мәнісінде ашығып жатқанын дәлелдеу үшін қажет көрінеді. Бүгінде комбинат жұмысшыларының аштық жариялағанына күмәнданушылар көп. Мұның бәрі комбинат директорының қолдан жасаған «киносы» деген пікір қалыптасып отыр. Алайда жұмысшылар мұны жоққа шығарып бағуда. «Аштық жариялаған әріптестеріміз арнайы вагонда жатыр. Оларды тәулік бойы онлайн режимде бақылауға болады. Сенбеген адамдар осылайша көз жеткізсін», – деген Наталья мен Екатеринаның сөзі бір жерден шықты.

Фельдшер болса, зертханалық талдаудан кейін қан құрамындағы көрсеткіштердің нашарлауы, салмақтарының азаюы, жалпы жағдайына қарап шынымен ашыққанын дәлелдеуге болатынын айтады.

Кадр бөлімінің инспекторы Екатеринаның айтуынша, кәсіпорын басшылығы олардың бұл қадамын құптап отырған жоқ, бірақ тыйым да сала алмайды.

«Қазір интернетте бізді кәсіпорын басшылығы қорқытып-үркітіп, аштық жариялау, бейбіт митингке шығу сияқты қадамдарға баруға мәжбүрлеуде деген жазбалар пайда болды. Олай емес екенін атап айтқым келеді. Жұмысшылар әбден қажығандықтан, осындай шараларға баруға мәжбүр болып отыр. Олар жұмыс істеп, табыс тапқысы келеді», – деді Наталья Викторовна.

Комбинат жұмысшылары аштан бұратылып жатқан әріптестеріне күнде барып, хал сұрауда. Олардың жағдайын өз көздерімен көргендіктен, басқа жұмысшылар да аштық жарияланғанын растап отыр. Қалай болғанмен, наразылық шарасы басталғалы он күннен асып кетсе де, бұған назар аударған бірде-бір билік өкілі жоқ. Аштық жариялағандар да алған беттерінен қайтпақ емес. Текетірес немен аяқталары белгісіз.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласында мемлекеттік қызметші мәйітінің табылуы дүйім жұртты елең еткізді. Ай мен күннің аманында аялдаманың маңында атылып өлді делінген азаматтың қазасына қатысты қазір түрлі қауесет желдей есті. Ал құзырлы органдар ресми ақпараттың айналасынан шықпай, барлық мәселені тергеу амалдарының құпиялығына тіреп отыр.

Мемлекеттік қызметші неге өзіне қол салды?

РЕСМИ МӘЛІМЕТ СӨЙЛЕСЕ...

Әрине, адам өлімі болған жерде егжей-тегжейлі тексеріс қажет екені түсінікті. Алайда мемлекеттік қызметші өз-өзіне қол салды ма, әлде бұл қасақана адам өлтіру ме? Мүмкін біз білмейтін басқа да жайттар бар ма? Міне, осы сұрақтар көптің көкейінде жүр.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, 2 қыркүйек күні Талас аудандық полиция бөліміне Қаратау қаласы көшелерінің бірінде өлі адамның денесі жатқаны туралы хабар түскен. Оқиға орнына тәртіп сақшылары жеткенде қаза болған адамның жанынан аңшы мылтығын тапқан. Кейіннен марқұм Талас аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің сектор меңгерушісі екені анықталған. Ал облыстық Полиция департаменті Тергеу басқармасының басшысы Әбсамат Бекмұхамбетов барлық қажетті сот сараптамасы тағайындалғанын, сондай-ақ Қылмыстық кодекстің 105-бабы 1-бөлігі (Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу) бойынша тергеу басталғанын мәлімдеді.

Алайда құқық саласының қызметкерлері оқ марқұмның денесінің қай тұсына тиіп мерт болғаны және «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бабы бойынша кімдер тергеліп жатқаны туралы жақ ашпады. Сондай-ақ қаза болған мемлекеттік қызметшінің отбасына қатысты мәлімет те құпия ұсталып отыр. Міне, осындай жағдайдан кейін түрлі қауесет таралып жатқаны жасырын емес. Осыған орай біз бейресми ақпарат болса да бұқараға шындыққа жанасатын мәлімет беруге күш салдық.

БЕЙРЕСМИ МӘЛІМЕТ НЕ ДЕЙДІ?

Қаратаулық тұрғындардың айтуынша, аталған қанды оқиға 2 қыркүйек күні түнде болған. Марқұм көлігімен қала шетіне таяу орналасқан аялдамаға барып, қосауыз аңшы мылтықты екі оқпен оқтапты. Соның бір оғы ғана атылған. Ал қаза тапқан азамат жамбылдық емес. Алматы облысы Ұзынағаш ауылының тумасы екен. Талас ауданында жұмыс істеп жатқанына 4-5 жыл болған. Оқиға болғаннан кейін марқұмның жақындары келіп, денесін туған топырағына алып кеткен. Сол себепті туыстарына қатысты көп ақпарат айтылмауда.

Бұл тұста бір айта кетерлігі, 2020 жылдың соңында марқұм қызмет істеген Талас аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Нұрлан Күдертаевқа қатысты қылмыстық іс қозғалған болатын. Қаза тапқан азамат осы іс бойынша куәгер ретінде тергеуге шақырылған. Алайда бұл ақпаратты құзырлы органдар не жоққа шығармады, не растамады. Бір анығы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы бір жылдан бері тергеліп жатыр. Бейресми ақпарат бойынша, оған жемқорлық фактісі бойынша айып тағылған.

Әрине марқұмның қазасына немесе өз-өзіне қол салуға дәл осы жағдай түртті болды деуден аулақпыз. Алайда мемлекеттік қызметкердің денесі табылған жерде тұрған көлігінің ішінен осы іске қатысты құжаттар шыққан көрінеді. Сондай-ақ марқұмның ақшасы мен ұялы телефоны секілді бағалы дүниелердің барлығы қалтасында болғандықтан, бұл оқиғада «қасақана адам өлтіру арқылы тонау» фактісі қаралмай жатқан сияқты.

P.S. Сөз басында оқиға болған күннен кейін түрлі қауесетке жол берілгенін айттық. Соның бірі – марқұм дәл сол күні жарымен ұрысып қалған деген әңгіме шықты. Алайда бұған қатысты да әзірге еш ақпарат жоқ. Сондай-ақ тәртіп сақшылары қаза болған мемлекеттік қызметшінің туыстарын тергеп жатыр ма, жоқ па, ол жағы белгісіз. Сондықтан әліптің артын бағып, тергеу амалдарының қорытындысын күтейік...

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Балық өсіру табысты салаға айналды

Алматы облысында балық шаруашылығы ақырындап болса да дамып келеді. Өзен-көлдер өрнектеген өлкеде табиғаттың өзі тарту еткен балық түрлерін аулап қана қоймай, оның бағалы түрлерін қолда өсіріп, табыс тауып отырғандар да баршылық.

Облыстағы заманауи тәсілмен өркен жайған балық шаруашылығы саласында жыл сайын 6 мың тоннадан аса тауарлы балық өндіреді. Балық шаруашылығына бөлінетін субсидия арқасында кәсіпкерлер осы жылдың 8 айы ішінде 3 мың тоннадан аса балықты саудаға шығарды.

Кеген ауданының тұрғыны Ерсайын Көбенқұлов «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқып, ауылының жанындағы асау бұлақта ханбалық (форель, бақтақ) балығын өсірумен айналысуда. Негізгі мамандығы бойынша инженер-механик Ерсайын ұзақ уақыт Алматы қаласында жұмыс істеген. Кейінгі жылдары туған өлкеге оралып, мал шаруашылығымен айналысуға шешім қабылдайды. Өз кәсібін дөңгелету мақсатында алдымен «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асатын «Бастау Бизнес» жобасы бойынша жаңа кәсіптің қырсырын меңгереді. Оқуын аяқтаған соң жобасын қорғап, туған мекені Кеген ауданына қарасты Талды ауылында ойлағанын жүзеге асыра бастайды.

Ерсайын ханбалықтың бірнеше мың құрт шабағын бұлақ жанынан жабдықталған хауызға жібереді. Бұл қадам оның қазіргі табысты кәсібінің бастауы болды.

– Су температурасы, ауылдың климаты бақтақты өсіруге тамаша мүмкіндік берді. «Еңбек» мемлекеттік бағдарлама аясында алынған 4 млн теңге жеңілдетілген несие игілікті болды. Бұл сомаға балық өсіруге арналған арнайы хауыздар дайындап, қажетті құрал-жабдық пен жем сатып алынды. Балықты сатылымға шығару үшін 6 айдан аса уақыт кетеді. Жылына 2 рет, сәуір-мамыр айларында сатамыз. Сондықтан ары қарай дамыту мүмкіндігі мол балықтың осы түрін таңдадым, – дейді балық бағбаны.

Кәсіпкердің айтуынша, шаруашылық жылына сатылымға 6 мың тоннадан аса балық шығара алады. Жақын арада қосымша салынған тағы екі хауызға шабақ жіберуді жоспарлап отыр. Бұл өз кезегінде жылына 20 мың тоннаға дейін балық дайындауға мүмкіндік береді. Қазір бақтақты туристер мен жергілікті тұрғындар сатып алуда. Басым бөлігі Еңбекшіқазақ ауданындағы форель шаруашылығына жеткізіледі.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, биыл Ерсайын Көбенқұлов осы кәсібіне қосымша аграрлы туризммен айналысуға да бел буыпты. Оның шаруашылығына келушілер өздері балық аулап, ұстаған балықтарын лезде пісіріп, қуырып, бірден сол жерде дәм тата алады. Киіз үйде демалып, атты тізгіндеп, моншаға түседі. Кәсіпкер осы бағытты дамыту үшін «Бизнестің Жол картасы-2025» бағдарламасы аясында 3 млн теңге грант алды.

Алматы облысы кәсіпкерлер палатасының дерегі бойынша, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне 3,1 мың жұмыссыз және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер оқытылыпты. Өткен жылдары бітірген азаматтарды қоса есептесек, жоба бойынша оқытылғандардың 1 200-ден астам бизнес-жобасы гранттық қаржыландыру мен жеңілдетілген несие алған.

Балқаш-Алакөл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының хабарлауынша, Алматы облысында балық өсіруге маманданған 24 балық шаруашылығы субъектісі бар. Былтыр олар 943 тонна балық өсірсе, осы жылдың 8 айында 3 мың тоннадан астам дайын өнім алған.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы



«Ломбард «Сенімді іргетас» ЖШС тауар белгісі (Бірінші ломбард) 2021 жылы қыркүйек айының 10, 17, 24 күні, сағат 12.00-де кепілге қойылған мүліктердің сатылымы өткізілетіні туралы жариялайды. Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Ақсай-2 ықшамауданы, 10-үй. Тел: 8(727) 268-40-37.

ТОО «Ломбард «Сенімді іргетас» товарный знак (Бірінші ломбард) объявляет о проведении торгов залогового имущества 10, 17, 24 сентября 2021 г., в 12.00 часов по адресу: г. Алматы, мкр.Аксай-2, д. 10. Телефон: 8(727) 268-40-37.

Семейлік мұғалім әлемдік байқауға қатысады

Қоғамдық маңызы бар бастамалар қоры өкілдері физика пәнінің мұғалімі Асхат Жұмабеков Global Teacher Prize халықаралық сыйлығының финалисі атанғанын мәлімдеді. Ал финалда 50 үздік ұстаз бақ сынайды.

«Семей қаласының оқытушысы, физика пәнінің мұғалімі Асхат Жұмабеков Varkey қоры тағайындайтын Global Teacher Prize халықаралық сыйлығының финалистер тізіміне енді. Асхат Жұмабеков 2019 жылы «Қоғамдық маңызы бар бастамаларды дамыту» қоры ұйымдастырған National Teacher Prize Kazakhstan-2019 ұлттық сыйлығының финалисі болған еді» деп жазылған Қоғамдық маңызы бар бастамалар қорының Instagram-парақшасында.

Айта кетерлігі, Асхат Жұмабеков – аталған сыйлықтың финалистер тізіміне енген алғашқы отандасымыз. Егер топ жаратын болса, 1 млн долларлық сыйақыға ие болады. Global Teacher Prize сайтында оны финалға шығарған еңбегі мен қарсыластары туралы толық мәлімет бар.

Токиодағы сәтсіздіктен соң...

Күншығыс елінде өткен XXXII Жазғы Олимпиада ойындары қазақ спортындағы «алтынсыз, күміссіз Олимпиада» ретінде тарихта қалды. Төртжылдықтың басты додасында Қазақстан құрамасы 8 қола медальмен жалпыкомандалық есепте 83-орын алды. Сарапшылар мұндай төмен көрсеткіш ел спортының қазіргі шынайы көрінісі екенін айтып қана қоймай, ел спортына түбегейлі реформа қажет деп санайтынын жеткізді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та Токиодағы жарыстан сабақ алып, Парижде өтетін Олимпиадада халық үмітін ақтайтындай нәтижеге қол жеткізуді міндеттеді.

Абылайхан ЖҰМАШ

– Бұқаралық және балалар спортын дамытуға көңіл бөліп, сол арқылы әлемдік аренада үлкен табыстарға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Ұлттық құраманың бұл көрсеткіші Қазақстанның спорттағы әлеуетіне және мемлекет тарапынан спортты дамытуға бөлініп отырған мол қаражатқа сәйкес келмейді, – деп жазды Мемлекет басшысы Twitter-дегі парақшасында.

Олимпиададағы сәтсіздіктен кейін алқалы отырыс та өтті. Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен өткен арнайы кеңесте бұқаралық және балалар спортын дамыту бойынша маңызы тапсырмалар берілді. Бұл ретте Президенттің тапсырмасы бойынша ең алдымен бұқаралық және балалар спортымен айналысу барынша қолжетімді болуы тиіс. Осыған байланысты биыл халықтың спортпен шұғылдану көрсеткішін кем дегенде 35 пайызға жеткізу көзделіп отыр.

«Ол үшін әкімдіктерге мемлекеттік спорттық тапсырыс көлемін ұлғайту, қосымша балалар, жасөспірімдер клубтарын, балалар-жеткіншектер спорт клубтарын ашу, мектеп және студенттер спорт лигаларының жұмысын қайта бастау есебінен балаларға арналған тегін спорт секцияларын кеңейту тапсырылды», – деп жазылды арнайы кеңестің ресми хабарламасында.

Жиында Қостанай, Атырау және Маңғыстау облыстарында спорт мектеп-интернаттарының құрылысын бастауға тапсырма берілді. Себебі осы өңірлерде ондай нысандар атымен жоқ. Ал қалған аймақтар спорт объектілерінің материалдық-техникалық деңгейін көтеруі тиіс. Жыл соңына дейін әкімдіктер 43 денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтауға міндетті. Мұнымен қоса Workout алаңдары мен басқа да шығынсыз спорт ғимараттарының желісін кеңейту керек. Сондай-ақ спорт нысандарының толық жүктелуіне ерекше назар аудару қажет. Бұдан бөлек, тағы бірқатар маңызды тапсырма берілді.

Ендігі кезекте Токиодағы сәтсіздіктен соң спорт саласында нақты қандай шешімдер қабылданатынын көпшілік тағатсыздана күтуде. Бұл ретте алдымен қай істе ағаттық жібергенімізді де ескерген жөн. Ол туралы айтсар болсақ спорттың қай түрі болмасын легионерлерге басымдықты беріп қойғанымыз, өз спортшыларымыздың қарым-қабілетін аша алмай жүргеніміз, білікті бапкер даярлау ісін де оқсата алмағанымыз, бапкерлер арасындағы бәскелестіктің жоқтығы және өзге де өзекті өртейтін түйткілді мәселелер алдымыздан кесе-көлденеңдеп шыға келеді. Расымен де елімізде көптеген спорт түрлері бойынша кадр, маман тапшылығы анық байқалады. Олай дейтін себебіміз Кеңес Одағы тұсында жұмыс істеген бапкерлердің көпшілігі зейнетке шығып кетті. Олардың ізін басатын білікті мамандар аз. Бапкерлердің айлықтары, әсіресе балалар спортын жаттықтырып жүрген жаттықтырушылардың жалақылары төмен. Елімізде жүрген кезде лайықты деңгейде бағаланбаған білікті бапкерлер де нәпақасын шет елден іздеуде. Мәселен Өзбекстан құрамасының зілтеміршісі Акбар Джураевтың Токио төрінде ауыр атлетикадан ерлер арасында 109 келіге дейінгі салмақта алтын алуына көмектескен бапкер Ержас Болтаев өзіміздің маман. Өзбекстан құрамасына кеңесші болып қызмет атқарып жүрген Ержастай білікті бапкерлерді бағалай алмай жүргеніміз өкінішті. Тағы бір кемшілігіміз, Қазақстанда Олимпиадада ең көп медаль түсетін жеңіл атлетика, суға жүзу спорт түрлеріне де бізде жеткілікті түрде көңіл бөлінбей келеді. Содан да шығар, аталған спорт түрлерінен жүлде алудың өзі біз үшін үлкен жетістік саналады. Міне, осындай бірқатар кемшіліктерді ретке келтіру үшін халықаралық аренадағы жетістіктерімізге жаңа серпін беріп, спортымызды жаңа деңгейде жетілдіре түсу үшін білікті мамандардың саны артып, заманауи спорттық инфрақұрылымдар да көптеп бой көтергені жөн. Бұл ретте спортшылардан бөлек бапкерлер даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Осы мәселе бойынша таяуда Қазақстан бокс федерациясының бапкерлік мәселелер жөніндегі вице-президенті Бақтияр Артаев алдағы уақытта боксшыларды дайындау жүйесі өзгеруі мүмкін екенін, себебі Қазақстанда әлі күнге дейін жаттығу кезінде кеңестік жүйедегі әдістер қолданылатынын жеткізді.

– Біз Кеңес үкіметінің дайындығынан әлі күнге дейін арыла алмай келеміз. Күніне үш мезгіл дайындықтың өзі балаларға өте ауыр. Сондықтан дайындық кезеңі өзгеруі мүмкін. Бапкерлер мәселесін қарастырамыз және боксшылар рационын да өзгертетін шығармыз, – деді Артаев.

Көп өтпей бокстан Қазақстан құрамасының бас бапкері Ғалымбек Кенжебаев қызметінен кетіп, оның орнына Қайрат Сәтжанов келді. Бокстан әйелдер құрамасының да бас бапкері ауысты. Алда өзге де спорт түрлері бойынша үлкен өзгерістер болмақ. Жуырда «Қазақстан спортын трансформациялау» жобалық кеңсесі құрылды. Осылайша, елімізде бұқаралық спортты дамытудың жаңа стратегиясы әзірленбек. Бұл туралы «Қазақстан спортын трансформациялау» жобасының жетекшісі Қамбар Омаров айтты. Ол «Трансформация бойынша жобалық кеңсе» бұдан былай спортты түрлендіруге жауапты болады деді. Сонымен қатар кеңсе Ұлттық Олимпиада комитетімен, Ұлттық Паралимпиада комитетімен, федерациялармен өзара байланыста болады. Мұнымен қоса, жобалар топтамасы құрылып, басқару жүйесі жетілдіріледі. Трансформация бойынша топ жеті стратегиялық бағытты белгілеген. Біріншісі – балалар спортын дамыту. Екіншісі басқару жүйесінің трансформациясы болса, үшіншісі – кадрлық саясатты жетілдіру. Ал төртінші бағыт – заңнамалық реттеу. Бесіншісі – спортшыларды медициналық-биологиялық тұрғыда қамтамасызету. Ал спорттық инфрақұрылымды дамыту алтыншы басымдық. Соңғысы – халықаралық ынтымақтастық. Осының әрбіріне жол картасы әзірленеді.

«Әр нәрсенің бір қайыры бар» демекші, Токиодағы сәтсіздік еліміздің спорт саласының тізгінін ұстағандар үшін ащы сабақ болды. Бұл спорт саласына жаңаша сілкініс, үлкен реформа, бірқатар өзгеріс қажет екенін анық көрсетті. Тоқетерін айтқанда, бүгінгі қазақ спортында шешімін табуы тиіс күрмеулі мәселелер баршылық. Ендігі міндет сол мәселелерді шешу. Қалай болғанда да Токио Олимпиадасынан сабақ алып, Парижде өтетін келесі ойындарда халық үмітін ақтайтындай нәтижеге қол жеткізуіміз керек.

Дмитрий Попко ширек финалға өтті

Әлемнің 193-ракеткасы Дмитрий Попко Kyiv challenger турнирінің ширек финалына өтті.

Аталған турнирдің 4-ракеткасы есебінде тіркелген Д.Попко екінші айналымда дүниежүзілік рейтингте 342-орында тұрған италиян Франческо Фортимен кездесті. Бір жарым сағаттан астам уақытқа созылған матчта отандасымыз 7:5, 6:2 есебімен жеңіске жетті. Бәсеке барысында Д.Попко 11 брейк-пойнттың алтауын пайдаланды. Қарсыласы 1 эйс жасап, 3 брейкке қол жеткізді.

Дмитрий жартылай финалға шығу үшін рейтингте 347-сатыда тұрған түркиялық Ерги Киркинмен күш сынасады. Осы турнирде бақ сынап жатқан Тимофей Скатов та ширек финал жолдамасын қанжығаға байлады. Ол қарсыласы Георгий Кравченконы 6:2, 6:2 есебімен жеңген-ді. Енді оның ширек финалдағы қарсыласы – португал Нуно Боргес.

Тағы бір футболшы допинг дауына ілікті

УЕФА «Тобыл» футбол клубының ойыншысы Руслан Валиуллинге допингке қарсы ережені бұзды деп айтып тағып отыр. Футболшының допинг дауына іліккенін Қазақстан футбол федерациясы растады.

«Руслан Валиуллин ұшыраған допинг дауының Қазақстан футбол құрамасына қатысы жоқ, ол «Тобылдың» ойыншысы және оқиға Украинамен ойынға дейін болған. Одан әрі қалай болатыны әзірге белгісіз, УЕФА-ның шешімін күтеміз. Мүмкін бір ай, мүмкін одан да көп», – деді Қазақстан футбол федерациясы баспасөз қызметінің жетекшісі Ермұхамед Мәулен.

Осыдан кейін «Тобыл» футбол клубы да ресми түсініктеме берді. Клубқа Руслан Валиуллиннің допингке қарсы ережелерді бұзу ықтималдығына байланысты УЕФА тарапынан тәртіптік іс қозғалғаны туралы ақпарат жеткен. Артынша мәлімет клуб ішіндегі құзыретті мамандарға жеткізіліп, қазір тыйым салынған заттардың футболшының қанына енгені тексеріліп жатыр.

Хабарламада айтылғандай, Руслан Валиуллин мен клубтың тағы бір футболшысы Сергей Малыйдан допинг сынамасы «Жилина» – «Тобыл» матчынан кейін алынған.

«Сынақ нәтижесі футболшының жеке поштасына 2 қыркүйекте жіберілді. Ол уақытта футболшы Қазақстан құрамасымен бірге Финляндияға аттанған болатын. Бүгінде клуб осы істі мұқият зерттеу мақсатында Қазақстан футбол федерациясының заңды органдарымен үнемі байланыста екенін жеткізеді», – деп жазылған хабарламада.

Айта кетерлігі, бұрынырақта ұлттық құрама капитаны Бауыржан Исламханның сынамасынан допинг табылып, 2 жылға үлкен футболдан шеттетілген-ді.

Балаларды алдап, вакциналауға қол қойдырып жатыр – фейк

Әлеуметтік желіде мектеп оқушыларын вакциналау туралы тағы бір фейк тарады. Stopefake.kz мәліметінше, ата-аналар оқушылар қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықпен танысып, оған қол қойып жатқанына алаңдап жатыр.

Ережемен танысу дерегін растап, журналға қол қою бала үшін қауіпті болуы мүмкін. Олардың айтуынша, балаға коронавирусқа қарсы вакциналауға келісім қағазы берілуі ықтимал.

Артынша Білім және ғылым министрлігі ата-ана алаңдаушылығына қатысты пікір білдірді. Ведомство мәліметінше, қауіпсіздік техникасы ережелерімен танысқанын растайтын қолтаңбаны оқушылар жеке бланкіге емес, арнайы журналға қояды. Сонымен қатар нұсқаулықпен таныстыру оқушылар құқығын бұзу болып саналмайды.

«Нұсқаулық өткізу туралы міндетті түрде кіріспе тіркеу журналына жазылады. Әрбір нұсқаулық кезінде журналды толтыру міндетті саналады. Бұл ретте журналдағы жазбаларда нұсқаушы мен білім алушылар туралы ақпарат, нұсқаулық өткізу күні мен тақырыбы және нұсқаушы мен оқушылар қолы қойылған болуы тиіс. Журналдағы ақпарат ата-ана құқығын бұзбайды, өйткені оқушының қолы оның әртүрлі жағдайда қауіпсіз әрекет ету шараларымен таныс екенін растайды», – деп түсіндірді БҒМ.

Сәйкесінше білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық көмек Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығына сәйкес көрсетіледі. Осы бұйрықтың 18-тармағына сәйкес, мектеп жоспарлы түрде профилактикалық тексерулер, вакцинация немесе басқа да медициналық қызметтер көрсету кезінде жазбаша ақпараттандырылған келісім алуға немесе медициналық араласудан бас тартуға көмек көрсете алады. Мұндай құжатқа кәмелетке толмаған баланың ата-анасы немесе заңды өкілі қол қоюы керек екен.

Сол үшін мектептерде коронавирусқа қарсы вакциналау келісімі бланкін кіріспе нұсқаулықты тіркеу журналы деп беріп, балаларды егілуге рұқсат беруге мәжбүрлемейді. Біріншіден, мұндай әрекеттер заңсыз, екіншіден, журнал медициналық процедураларды жүргізуге ақпараттандырылған келісім нысанынан мүлдем өзгеше.

Дайындаған А.ЖОЛДАС

NUR MEDIA AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ерқанат СӘРСЕНБАЙ – Қызылорда облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3991
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

- Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
- Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
- Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Абылайхан ЖҰМАШ